



Мақсат СЕРАЛИЕВ, экономист-сарапшы:

# «НЕСИЕЛЕНДІРУ СЯСАТЫН ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРТУ КЕРЕК»

5-бет

# ЗАН

ZANMEDIA.KZ

zangazet@mail.ru

№14 (3442) 18 ақпан 2022

# газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЫНАЙЫ БАҒАЛАНСЫН



Шерхан Мұртазаның тұсында «Арқалағаны алтын, жегені жантақ» деп еңбегі бағаланған журналистердің жағдайы бүгінге дейін түк өзгерген жоқ. Елдің мұңын мұңдап, жоғын жоқтап келе жатқан кәсіп иелерінің өз мәселесі шашетектен. Бұл жөнінде осы аптада өткен Парламент Мәжілісінің отырысында депутат Мейрамбек Төлепберген мәлімдеді. Ол Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжановқа Палатаның бір топ депутаттарының атынан депутаттық сауал жолдаған болатын.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ



ЖАЛАҚЫДАҒЫ ТЕҢСІЗДІК ӨЛЕУМЕТТІҢ АРАСЫН АЛШАҚТАТЫП ТҰР

3-бет



ШАТТЫҚТЫҢ ҮҢГІРІ

8-бет

МӘСЕЛЕ

## СЫБАҒАСЫНАН ҚАҒЫЛҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚАШАН ҚОРҒАЛАДЫ?

Өзін «Байлық – мұрат емес, кедейлік – ұят емес» деп жұбатып, қоңыртөбел тірлігіне шүкіршілік айтып жүрген ағайынның жағдайы соңғы кезде Парламент төрінде жиі сөз бола бастады. Біреулер оны Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан» бағдарламасымен байланыстырса, екіншілері сайлау мерзімінен бұрын өтер болса, халықтың дауысынан айырылып қалам ба деген депутаттардың кезекті қойылымы деп бағалап жүр.

Әйтеуір кім не десе де, ақпанның алғашқы онкүндігінде ғана Мәжіліс депутаттары Премьер-Министр мен оның орынбасарының атына екі бірдей сауал жолдап үлгерді. Мәселен, 2 ақпанда Премьер-Министрдің орынбасары Е.Тоғжановтың атына жолданған депутаттық сауал «Nur Otan» партиясының мүшелері Е.Саиров, Б.Әбдіғалиұлы мен «Ақ жол» партиясының фракция мүшесі Қ.Исаның атынан жарияланды.

Олар Мемлекет басшысының «Әрбір басқару деңгейінде кедейлікті азайтудың нақты көрсет-

кіштерін белгілеу керек» деп Үкіметке халықтың табысын арттыру бағдарламасын әзірлеуді тапсырғанын тілге тілге тиек ете отырып, Дүниежүзілік банк белгілеген кедейлік шегін мысалға келтірді. Табысы орташадан төмен елдер үшін күніне бір адамға 3,2 АҚШ доллары, ал табысы орташадан жоғары елдер үшін 5,5 АҚШ доллары деп белгіленгенін, ал Қазақстанда ең төменгі күнкөріс деңгейі 2,8 долларды құрайтынын еске салды. 2021 жылы табысы күнкөріс деңгейінен төмен адамдардың ресми саны – 998 мың деп көрсетілгенімен, бей-

ресми сарапшылар бұл көрсеткіштің 1,5 млн-нан жоғары екендігін атап өтті.

– Ішкі жалпы өнімнің еселеп өсуіне қарамастан, Қазақстан ондаған жыл бойы кедейлік шегін көтермей келеді. Бүгінде Қазақстан әлемдегі күнкөріс деңгейі ең төмен елдердің бірі және Нигерия, Ангола, Венесуэла, Габон сияқты елдердің деңгейінде тұр. Ал еуропалық елдерде кедейлік орташа табыстың 60% деңгейінде белгіленеді. Сонымен бірге, пандемия басталғаннан бері тұрмысы төмен үй шаруашылықтарының қаржысына нұқсан келтіретін инфляцияның өсуіне байланысты әлеуметтік төлемдердің тиімділігі төмендеді. Мысалы, Қазақстанда халықтың ең аз камтылған 40 пайызы өз бюджетінің 59 пайызын азық-түлік өнімдеріне жұмсайды. Кей кездері бұл көрсеткіш одан да жоғары.

(Соңы 3-бетте)

МІНБЕР

## ЕТКЕН ЕҢБЕК ПЕН ТӨККЕН ТЕР БОЛАШАҚ ҮШІН

ҚАҢТАР айының 5-ІНЕН 6-НА ҚАРАҒАН ТҮНІ БЕЙБІТ БАСТАЛҒАН МИТИНГТІҢ СОҒЫ АРАНДАТУШЫЛАРДЫҢ ЫҚПАЛЫМЕН ЖАППАЙ ТӘРТІПСІЗДІККЕ ҰЛАСТЫ. САЛДАРЫНАН БІРНЕШЕ МЕМЛЕКЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР НЫСАНҒА, СОНЫҢ ІШІНДЕ СОТ ҒИМАРАТЫНА ДА ШАБУҢ ЖАСАЛДЫ. ШАБУҢ КЕЗІНДЕ ҒИМАРАТТЫҢ БІРІНШІ, ЕКІНШІ ҚАБАТТАРЫ ҚИРАТЫЛЫП, 5 ҚЫЗМЕТТІК АВТОКӨЛІК ӨРТЕЛДІ. ҒИМАРАТТЫҢ 3-5 ҚАБАТЫНДАҒЫ КЕЙБІР МҮЛІКТЕР ТОНАЛҒАН, КӨПШІЛІГІ ЖАРАМСЫЗ КҮЙГЕ ТҮСТІ. ОСЫЛАЙША «ҚАҢТАР ОҚИҒАСЫ» ЖЫЛДАР БОЙЫ ЖАСАЛҒАН ЕҢБЕК ПЕН ЖИНАҚТАЛҒАН МҮЛІКТЕРДІ БІР КҮНДЕ ЖОЙЫП ЖІБЕРДІ.

(Соңы 4-бетте)



## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЫНАЙЫ БАҒАЛАНСЫН

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қоғамның бүкіл мәселесіне қалам қуатымен үн қосып, ел мүддесі үшін отқа да, суға түсіп жүрген бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің еңбегі еш, тұзы сор болып жүргенін былайғы жұрт біле бермейді. Әріптестің жайын әріптестен артық кім түсінер? Жоғарғы заң шығарушы билік құрамындағы бір топ журналист өз қаламдастарының жайын Үкімет назарына жеткізуге бел байлапты. Депутаттық сауалда бүгінгі таңда қаламгерлер үшін арманға айналған қаламақы жайы көтерілген екен.

Халық қалаулылары бұл мәселенің өзектілігін ел Президенті Қ.Тоқаев айтқан Жаңа Қазақстанды құруда түсінікті және әділ мемлекеттік саясат жүргізу үшін билік пен қоғамның адал еңбек пен әділ ынталандыру идеологиясын ұстану жайлы сөзімен айқындай түсіпті. Осы міндетті жүзеге асырудағы бұқаралық ақпарат құралдарының атқаратын қызметінің маңызын көрсете келе, елімізде тіркелген 4750-ден астам бұқаралық ақпарат құралдарында қызмет ететін сан мыңдаған журналист қауымының жағдайын ортаға салған.

Жалпы, мемлекет тарапынан оларды қолдауға мейлінше көңіл бөлініп келе жатыр. Депутаттардың айтуынша, бұл ретте биыл да мемлекеттік ақпараттық тапсырысқа 50,8 млрд теңге бөлінсе, 2023 жылы – 48,4 млрд теңге, ал 2024 жылы – 47 млрд теңге бөлу көзделіп отыр екен. Алайда БАҚ сапасына, таралымына қатысты проблемалар толыққанды шешілмей келеді. Солардың бірі – журналистерді ынталандыру жайы.

Депутаттар осы орайда отандық БАҚ (газеттер мен журналдар, радиолар, телевидение және ақпараттық агенттіктер мен желілік басылмалар) өз авторларына қаламақы төлеуді тоқтатқалы көп жылдың жүзі болғанына алаңдаушылық білдірді. Бұл шындық. Соңғы жылдары олардың авторлары ғана емес, бірі-жарым редакцияның аздаған тиын-тебен беретінін айтпағанда, түгелге жуық баспасөз бен телевидениеде қаламақыны тілші-редакторлар да алмайды. Ал, қаламақы дегеніміз – шығармашыл адамдардың, журналистер мен саналы ойлы ав-



торлардың интеллектуалдық-рухани байлығының жемісі. Нарық жағдайындағы бірден-бір табыс көзі. Дамыған елдердегі шығармашылық адамдар – ақындар, жазушылар, журналистер, режиссерлер, композиторлар, суретшілер өз туындыларына бұйырған қаламақыларын алып отырғанын, дамыған елдерде тіпті, сол қаламақымен күн көретін қаламгерлер де бар екені депутаттық сауалда орынды атап өтілген. Сонымен қатар, онда айтылғандай, журналистің еңбегіне төленетін қаламақының терең әлеуметтік факторы барлығы, оқырмандар мен көрермендер негізінен репутациясына дақ түспеген, кісілік ұстанымы мықты, сөзі дуалы, ойлы авторлардың туын-

**Күләш АХМЕТОВА, ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты:**

– Тәуелсіз елімізге жазушылар, журналистер керек болмай қалған сияқты. Мұны өзім де сезініп келемін. Соңғы жылдары бірнеше кітап шығардым. «Отан» деген көлемді бір жинақ өз ақшамызбен жарық көрді. Одан қаламақы да дәметкен жоқпыз. Бірақ сонша дүниені кім үшін жазып отырмыз деген ой келеді. Шын мәнінде бұл біздің елімізге айтқан жырымыз, сырларымыз ғой. Ана тілімізді байыту, өмірдің көркем шыңдығын жасау, елге ой салу жолындағы көз майымыз, шығармашылық қуатымыз жұмсалған еңбегіміз ғой. Ертеңгі ұрпаққа қалатын рухани мұра емес пе? Осы тұрғыда депутаттардың мына көтерген мәселесі көптен көкейде жүрген тілегімізді дөп басты.

Расында халқымыз көп емес, оларға шаққанда қаламгердің саны да аз. Жазушы, журналистерді қолдамасақ бұл ұлттың сөзін, рухын жаныштау болып шықпай ма? Қаламгерлер өмірдің шындығын көркем кестелеп, тіршіліктің философиясын, мәнін ашып, тарихымыздың шежіресін жасап жатыр. Бұл керек ғой. Жалпы қайда барамыз, не істейміз, неге мән беру керек, дамудың сара жолы қандай болмақ дегеннің жауабы осы қаламгерлер туындыларында. Тарих, мәдениет қайталан бермейтін құндылық. Сондықтан, қаламгерлерді ынталандыру, еңбегіне сай ақы төлеу өте қажет. Орынды айтылған ұсыныстар құзырлы орындар назарынан тыс қалмай, ақырына жетуі керек.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,  
«Заң газеті»

## КӨЗҚАРАС

## ОҢАЙЛАТЫЛҒАН ТӘРТІПТЕ ЖАЗБАША ІС ЖҮРГІЗУ ЖЕТІЛДІРІЛДІ

Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі (АПК) 2022 жылдың қаңтар айынан бірқатар жаңа нормалармен толығып, қолданысқа берілді. Солардың ішінде атап айтарлығы – оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібі. АПК-ден сырттай іс жүргізу және сырттай шешім шығару алынып тасталды, жеңілдетілген өндіріс ауқымы кеңейтілді.

Кодексте бұдан да басқа өзгерістер көп. Десекте, бұл мақаламызда оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібіне кеңірек тоқталғанды жөн көріп отырмыз.

Оңайлатылған іс жүргізде сот АПК-нің 21-1 және 14-тармақтарының нормаларына сүйенеді. Оны қарау уақыты талап қою қабылданған күннен бастап бір ай мерзімді құрайды. Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қаралатын істер 267-2-бабымен анықталған. Мысалы, ақшаны өндіріп алуда талап қою бағасы заңды тұлғалар үшін 2000 айлық есептік көрсеткіш (АЕК). Ал, дара кәсіпкерлер мен азаматтарда бұл сома 1000 АЕК-тен аспауы керек.

Талапкер ұсынған жауапкердің ақшалай міндеттемелерін белгілейтін немесе шарт бойынша берешекті растайтын құжаттарға негізделген талап қоюлар оның бағасына қарамастан, қаралады. Алимент өндіруге қатысты даудан басқа бала құқығын қозғайтын даулар оңайлатылған тәртіпте қарауға жатпайды.

Оңайлатылған іс жүргізде талап қоюдың нысаны мен мазмұны АПК-нің 148-149 баптарының талаптарымен сәйкес болуы тиіс. Сот тараптарға істің

аталған тәртіпте қаралатыны жайлы хабарлама жібереді. Онда дауды татуластыру рәсімдері аясында реттеу, сондай-ақ, дәлелдемелерді өзара ашу мен ұсыну құқығы көрсетіледі.

Тараптар істі оңайлатылған тәртіпте жүргізуге келіспесе, хабарламаны алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде сотқа дауды жалпы тәртіппен қарау туралы өтінішхат беруге, жауапкер талап қоюға өз қарсылығын білдіруге құқылы. Ол үшін қажетті құжаттар мен дәлелдемелерді қоса өткізеді. Дауды жалпы тәртіппен қарау туралы өтінішхат сотқа шешім шығарылғаннан кейін түссе, шешімнің күшін жою арызы ретінде қабылданады. Пікір, дәлелдеме, т.б. құжаттарды ұсынуға сот белгілеген мерзім өткеннен кейін іс оңайлатылған тәртіппен электрондық форматта қаралады. Бұған тараптарды шақыру қажет емес.

АПК-нің 267-1-бабы 2-бөлігімен көрсетілген мерзім сақталса, сот 267-1-бабы 3-бөлігінің 5 және 6-тармақшаларында көзделген жекелеген процесілік әрекеттерді жүргізеді. Осыдан кейін оңайлатылған іс жүргізу қосымша ұйғарымдар шығарылмастан жалғасады. Яғни, сот тараптар ұсынған құжаттарда жазылған түсініктемелерді, қарсылықтарды немесе дәлелдемелерді зерттеп, шешім қабылдайды. Оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қаралған істе сот шешімі кіріспе және қарар бөліктерден тұрады.

Сот шешімінің көшірмесі тараптарға үш жұмыс күнінен кешіктірмей жіберіледі. Судья тараптың бірінші шешім заңды күшіне енгенге дейін мәлімдеген жазбаша өтінішхаты не-

дыларын көріп, тыңдап, оқығанды қалайтыны да әрбір көзқаракты жанның көкірегіндегі ой екені анық. Демек, қоғамдық пікір туғызушы мұндай тұлғалар мен әйгілі адамдарды тарту үшін ынталандыру тетіктерінің қажеттігі айқын көрініп тұр. Жалпы, шығармашылық еңбекті тиісті дәрежеде бағалау мен үшқыр қаламның ақысын қайтару – журналистиканың байырғы және жаңа заманғы рухани-әлеуметтік құндылықтарын қайтару болса керек.

Төктерін айтқанда, депутаттар атап көрсеткендей, нарық заманында елімізде ерекше сұранысқа ие журналист мамандығының қадір-қасиетін бағалап, шығармашылық қарым-қабілетін барынша көрсетуге әлеуметтік-материалдық қолайлы, тиімді жағдай туғызуға да жаңаша көзқарас керек. Олай болса олар көтеріп отырған Қаржы министрлігі мен Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің аталмыш саладағы әлемдік тәжірибесін зерттеп, қаламақы жүйесін қайта енгізуге байланысты тиісті ұсыныстар әзірлеуі, екіншіден, түрлі деңгейдегі мерзімді және электронды басылмаларға жылма-жыл беріліп келе жатқан мемлекеттік ақпараттық саясат жөніндегі тапсырыстар аясында журналистер мен тұрақты авторларға нарық жүйесіндегі талаптарды сақтай отырып, «қаламақы қоры» деген арнайы тармақша енгізуі уақыт күттірмейтін мәселе.

## ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Ақмола облыстық сотының төрағасы Досжан Әмір өңірлік коммуникация қызметінің медиа-орталығында БАҚ өкілдерімен кездесіп облыс соттарының 2021 жылғы жұмысының қорытындысы туралы баяндама жасады және де журналистердің сұрақтарына жауап берді.



## БАҚ-пен БАЙЛАНЫС ЖОҒАРЫ

Іс-шараға Ақмола облыстық соты сот алқаларының төрағалары, Ақмола облыстық сотының баспасөз қызметі және журналистер қатысты.

«Сотқа деген халықтың сенімін арттыру, сот төрелігінің әділдігін, оның жауапкершілігі мен тәуелсіздігін, сот шешімдерінің жоғары сапасын және судьялардың біліктілігін арттыру бағытында Ақмола облыстық соттары көптеген іс-шаралар атқарып жатыр» – деді Д.Әмір. ҚР Жоғарғы Соты төрағасының бастамасымен, Мемлекет басшысының қолдауымен бірқатар заңдарға өзгерістер енгізіліп, соның арқасында жалпы қаралған істер мен материалдар саны соңғы төрт жылға қарағанда едәуір азайып, судьяның жүктемесі төрт есе төмендеді (2018ж. – 166 077 іс, судьяның жүктемесі – 162,3; 2021 ж. – 40 803 іс, судьяның жүктемесі – 43,1).

Ақмола облысының жергілікті соттарымен өткен жылы 1 223 қылмыстық, 15 005 азаматтық, 13 063 әкімшілік құқық бұзушылық туралы, апелляциялық сатыда 321 қылмыстық, 2 559 азаматтық, 492 әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер қаралды. 2021 жылдың екінші жартыжылдығында Ақмола облысы соттарына 618 әкімшілік талап түсті, әкімшілік істер жөніндегі сот алқасына 120 іс түскен.

Төраға журналистерге қаралған істердің санаттары бойынша, шығарылған жекеше қаулылар, тағайындалған жаза түрлері, сот төрелігін жүзеге асыру сапасы, медиацияны қолдану, электронды істерді қарау тәртібі, судьялардың білімін жетілдіру және басқа да соттардың жұмыс бағыттары бойынша айтты.

Ақмола облысы соттарымен мемлекеттік тілде қаралып жатқан барлық істер мен материалдардың пайыздық көрсеткіші 17% құрады. Мемлекеттік тілде қаралып жатқан істердің үлесі соңғы төрт жылда 13 есе өсті.

2021 жылы 3 судья тәртіптік жазаға тартылды, 3 судьяға қатысты материал Сот жюриінің қарауына жолданды.

БАҚ-пен ықпалдаса соттар 5 611 іс-шара атқарды, 2 кітап жарыққа шығарылды, «КОКСНЕ» облыстық телеарнамен бірлесіп мемлекеттік тілде «Төрелік» атты бағдарлама ашылды. «Қазақ билері туралы не білеміз?» айдарында би-шешендер туралы ақпараттар жарияланды, ӘРІПК мен жаңа әкімшілік соттың жұмысы туралы судьялардың бейнетүсінімдері шығарылды, «Мен қазақша сөйлеймін» акциясы ұйымдастырылды және т.б.

Журналистермен кездесуде Д.Әмір: «Соттар бүгінгі күні Мемлекет басшысы қойып отырған, еститін мемлекет құру жолындағы міндетті толық орындауға дайын, алдағы уақытта жұмысты одан әрі жалғастырып, халықтың сотқа деген сенім биігінен көрініп, әрбір іс бойынша заңды да әділ сот актілерді шығаруға, қойылған максаттарды жүзеге асыруға облыс соттарының мүмкіндігі толық жетеді», – деді.

Ақмола облыстық сотының баспасөз қызметі

## СЕМИНАР



## ҚАЗАҚША КІРІС ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ ҮЛЕСІ ТӨМЕН

Байзақ аудандық сотында судья А.Телесбаева «Сот өндірісіндегі мемлекеттік тіл» атты тақырыпта семинар өткізді. Семинарға кеңес меңгерушісі Е.Жақсыбаев және сот қызметшілері қатысты.

Іс-шара барысында А.Телесбаева «ҚР Тіл туралы» заңының 4-бабында көрсетілгендей, елде мемлекеттік тіл – қазақ тілі екендігі, мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі ретінде бекітілгендігі жайлы айтып, осыған байланысты мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру қажеттігін атап көрсетті.

Сондай-ақ, судья сот өндірісіндегі құжат айналымының ішкі, кіріс және шығыс құжаттарында 2021 жылғы мемлекеттік тілді қолдану статистикасына тоқталып өтті.

Судья мемлекеттік тілдегі кіріс құжаттарының көрсеткіші төмен екенін атап көрсетіп, әсіресе кіріс құжаттарының мемлекеттік тілдегі көрсеткішін көтеру бағытында 2021 жылы атқарылған жұмыстарды, яғни көп жағдайда ресми тілде сотқа талап арыздар мен хаттарды жолдайтын жеке сот орындаушылар мен банк өкілдері екендігін, ол дөңгелек үстелдер мен семинарлардың ресми тілде өткізілгендігі жайлы айтып өтті.

Семинар қорытындысы бойынша қатысушылар сот өндірісінде кіріс құжаттары бойынша мемлекеттік тілді қолдану көрсеткішін көбейту мақсатында сотқа хаттар мен талап арыздарды ресми тілде жолдайтын органдармен іс-шараларды өткізуді жалғастыру қажеттігі жайлы айтты.

Жамбыл облысы  
Байзақ аудандық сотының  
баспасөз қызметі



МӘСЕЛЕ

# СЫБАҒАСЫНАН ҚАҒЫЛҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚАШАН ҚОРҒАЛАДЫ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Елімізде азаматтардың төмен әлеуметтік жағдайының екі индикаторы бар – ең төменгі күнкөріс шегі және кедейлік шегі. Кедейлік шегі, ең төменгі күнкөріс шегінің, яғни 36 мың теңгенің 70 пайызын құрайды. Бұл ертедегі Үкіметтердің халыққа ақшаны аз төлеу үшін істеп қойған «құлығы». Яғни, әлеуметтік көмек алғын келсе, «сіңір кедей» болуы керек! Осы тавтологианың нәтижесінде, 2020 жылы бағаның тұрақты өсуіне байланысты әлеуметтік көмекке сұраныс өсіп, зәру адамдардың саны артса да, атаулы әлеуметтік көмекпен қамтылған адамдардың саны азайған. Бұл фактор өз кезегінде зәру азаматтардың әлеуметтік жағдайын мүлдем тұралатып жіберді! – деген депутаттар кедейлікпен күресу үшін Үкімет мынадай шаралар қарастыруы қажет деп «Nur-Otan» партиясы фракциясының ұсыныстарын да атап өткен болатын.

Оның біріншісі, елдегі жалпы ішкі өнім деңгейіне, халықаралық стандарттарға сәйкес Қазақстанда кедейлік шегін арттыру. Қоғам ішіндегі кедейлік туралы көзқарасқа сәйкес келетін, кедейліктің жаңа анықтамасын енгізу. Екіншісі, ең төменгі күнкөріс шегі мен кедейлік шегін біріктіре отырып, ең төменгі күнкөріс шегін арттыру. Үшін-



шісі, екі ең төменгі жалақы мөлшерінде табыс алатын азаматтарды жеке табыс салығынан босату. Төртіншісі, ең төменгі жалақыны жыл сайын индексациялау мәселесін шешу. Бесіншісі, ең төменгі жалақы алатын азаматтардың жұмыссыздық бойынша сақтандыру сомасын арттыру арқылы сақтандыру жүйесін жетілдіру.

Қолданыстағы заң талабы бойынша оған Үкімет басшысының орынбасары 1 айдың ішінде жауап беруі тиіс болатын. Оны күтуге шыдамдары жетпеді ме, әлде басқа да себептері болды ма екен, 9 ақпан күні «Nur Otan» партиясы фракциясының мүшелері Е.Саиров, Е.Бейсенбаев, А.Сарым Премьер-Министр Ә.Смайыловтың атына кезекті

депутаттық сауалды жариялады. Онда Үкіметтің кешегі кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы еліміздегі кедейшілік мәселесіне баса назар аударғанын, Үкімет мүшелеріне азаматтардың әлеуметтік жағдайын арттыру бағытында жедел қадам жасауға міндеттенгені еске түсірді. Еліміздің тарихында, халқымыздың әлеуметтік жұпыны жағдайы, Мемлекет басшысы деңгейінде бірінші рет көтеріліп отырғанын ерекше атап өтті. Президент қоғамды, азаматтарды, халықты толғандыратын мәселе бойынша ашық, шынайы әңгімеге шақырып отыр деп: «Расында, халқымыздың басым көпшілігінің әлеуметтік жағдайының төмендігі еліміздің тұрақты дамуына негізгі тежегіш болып табылады! Қасым-Жомарт Кемелұлы 11 қаңтарда Парламентте сөйлеген сөзінде де Үкіметке халқымыздың әлеуметтік жағдайын жақсарту, азаматтардың әл-ауқатын жетілдіру жөнінде нақты тапсырмалар берген. Бір ай өтті, Үкімет өз деңгейінде еңбектеніп жатқан болар, бірақ ол жөнінде халқымыз хабарсыз. Үкіметтің іс-әрекеттері адамдарға түсінікті, ашық болуы, қадамдары азаматтармен, сарапшылармен ақылдаса отырып қабылдануы шарт. Алдыңғы Үкіметтің басты проблемасы өздерінің іс-қамдарының логикасын, бағыт-бағдарын елге, қоғамға түсіндіре алмады,

жабық стильде жұмыс істеді. Арты неге соқтырғанын жақсы білеміз. Тарихтан сабақ алатын уақыт жетті. Осы орайда, Әлихан Асханұлы өзіңіздің, Үкімет мүшелерінің Мәжіліске, қоғам өкілдерінің қатысуымен, Президент берген келесі тапсырмалар: кедейшілікпен күрес, жұмыссыздық мәселесі; кіші және орта бизнесті дамыту; сыртқа заңсыз кеткен капиталды қайтару проблематикасы; «Самұрық-Қазынаны» реформалау, РОП-ты оңтайландыру мәселелері бойынша есеп бергендеріңіз абзал. Халқымыз нақты қадам, ұтымды шешімдер күтіп отыр! Қоғам Президент Тоқаевтың тапсырмаларының қалай орындалып жатқандығы, Үкіметтің қандай жоспары бар, тапсырманы орындауда қандай объективті қиындықтар бар екендігі жөнінде ашық, бүкпесіз хабарлар болуы қажет. Депутаттармен бірігіп облыс, аудандарға шығыңыздар! Халықпен бірге ақылдасайық, шешімдерді азаматтармен бірге қабылдайық! «Жаңа Қазақстан» философиясы ашық диалогты, шынайы дискуссияны талап етеді! Халықтың мәселесі тыныш кабинет шенберінде емес, қоғаммен бірлесіп талқыланып, шешілуі тиіс, – деді.

Депутаттар бұған дейін де түрлі деңгейдегі атқарушы билік өкілдері мен сот билігі басшыларының атына сауал жолдаудан кенде қалып жүрген жоқ. Тіпті, олардың берген жауабына кейде көңілі толмаса да, оған қанағаттануға мәжбүр болып отырғандарын өздері де жасырмады. Тіпті, жоспар түзіп, жер-жерді аралап, аудан, облыстардағы сайлаушылармен кездесу жасап жүр. Егер «Жаңа Қазақстанды» құрудағы өзгерісті өзгеден емес өздерінен бастап, қолданыстағы заңнамада көрсетілген құқықтары мен өкілеттіктерін пайдаланып атқарушы және сот билігінен жұмыстарының есебін талап етпейінше «сыбағасынан құр қалғандардың» саны жақын арада азая қоюы екіталай.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

ЕСТИТІН МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚҰЛАҒЫНА!

## ЖАЛАҚЫДАҒЫ ТЕҢСІЗДІК ӘЛЕУМЕТТІҢ АРАСЫН АЛШАҚТАТЫП ТҰР

**Күнкөріс деңгейі қаржымен, қаражатпен тікелей байланысты. Қаймақтар, облыстар арасындағы, сондай-ақ, бай мен кедей отбасыларының қарым-қатынасындағы әлеуметтік теңсіздік те негізінен осыдан шығып отыр. Батыстан шығысқа тарқатылып, солтүстіктен оңтүстікке көсіліп жатқан ұланғайыр ұлы даламыздың иесі бітұтас жұрт екені рас болса, осы қаржылық теңсіздікті де жоюымыз керек. Бұрын деп мысал келтірсем, келмеске кеткір кеңестік кезеңді көкседі деп ойлайтындар табылар. Сонда да айтайын, сол шақтарда бізден Мәскеуге (Вильнюске, Сібірге, Камчаткаға) сапар шеккендер қалталарындағы жол кірелерімен сапарға еркін барып, үйіне аман-есен қайтып келе алатын.**

Өйткені, бүкіл Одақ бойынша ішіп-жем тамақ, ас-ауқат, нанның бағасы бірдей дерлік, прайскурант бір шамада, жол билеті бір сомада болатын. Бұл он бес республикасы және бірнеше автономиясы бар, қырық құрақ ұлты мен ұлысы шашырап шашылып жатқан Одақ-тын. Сөйте тұра сол социалистік система одақты аңса алақанында, жұмса жұдырығында ұстады.

Инфляция деген сөз ол кезеңнің лексиконында мүлдем жоқ-тын. Қазіргідей бейнекамералар, ұялы телефондар атымен болмады. Атеистік сол қоғамда сыбайлас жемқорлар тұрмақ, алыпсатарлар мен арамтамақ жатыпшылар де «ептегі» дөңгіл-құнықандық жасағанымен, бір Құдайдан қорыққаны мәлім.

Оған қарағанда біздің мемлекетіміз қолмен қойғандай, ұядай шап-шағын емес пе?! Демографиялық санымыз да санаулы. Әлеуметтік теңсіздік, әсіресе, ең төменгі еңбекақылы, дотациялық өңір Жамбыл облысында қатты сезіледі. Бала-шағасының нәпақасы үшін көп ақша тағам деп, алыс-жақын шетелді қоспағанда, Атырау асып, Ақтау ақтап кетіп жүрген қазақ ондап, жүздеп, мыңдап саналады. Вахталық әдіспен күн демей, түн демей жұмыс істейтін азаматтар, азаматшалар тұрғылықты мекенінен ылғи жырақта жүрген соң, отбасы тәрбиесі ақсамай қайтеді?!

Кешегі қаңтар қасіреті де өз жарасын өзі жалап жазатын көкбөрі ұрпағына көп сабақ. Мағыстаулықтардан кейін жер-жерде, өңір-өңірлерде шерушілердің бірден бас көтеруі әуел баста сұйытылған газ бағасының Жаңаөзенде ғана 50 теңгеге

түскенін естігеннен, «басқа өңірде ше?», «біз кімнен кембіз?» деген сияқты көкейге лықсып келген наразылықтың ашу-ызаман сыртқа шығуынан белең алғанын ұмытуға бола ма?

«Адам капиталы біз сияқты жері кең, елі шағын мемлекет үшін аса өзекті фактор», деген болатын 2020 жылы Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында. Жер бетінде 1 500-ден астам ұлт бар екен. Соның 10%-дан астамының ғана атамекен жері, қонысы, Отаны бар. «Ендеше, жер көлемі жағынан тоғызыншы орында тұрған елімізді аялайық, атақонысымызды бағалайық, бейбітшілік пен тұрақтылығымыздың қадірін білейік» дейміз әшейінде жиі ұрандатып. Дұрыс-ақ. Биыл Ұлттық санақ нәтижесі 19 млн 169 мың 550 жан санын тіркеді. Соның ішінде 70,18 пайыз қазақтың көбісінің дені қоныстанған оңтүстік облыстардың басқа аймақтардың табыс көзімен айырмашылығын қалайда азайтуға күш салынса – ұлтқа жасалған қамқорлықтың нағыз өзі болар еді.

«Нарық заманы», «капиталистік формация» сияқты терминдерді себеп пен салдар қып желеулетіп, ұждеріне тықпалай бермей, мемлекетіміздің кәсіби экономистері таразы басын мейлінше теңеп, осы бір келеңсіздіктің кілтін тапса, алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Үміт БИТЕНОВА, ақын,  
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Талас аудандық мәслихатының депутаты

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

## «СЕРГЕКТІҢ» ҚОРЖЫНЫ ТОҚ

Алматы қалалық полиция департаментінің Әкімшілік полиция басқармасының мәліметінше, «Сергек» камералары 2021 жылы 1 миллион 312 мың құқықбұзушылық дерегін тіркеген. Ол үшін жүргізушілер жалпы сомасы 9 миллиард 373 миллион 600 мың теңгені айыппұл ретінде төлеуге міндетті.

Құзырлы орган өкілдерінің айтуынша, Алматы жолдарында ӘҚБтК-нің 601-бабының 1-бөлігінде көзделген ереже жиі бұзылады. Яғни, көлік иелері жол белгілерін-

де немесе жолдың жүру бөлігін таңбалауда көзделген талаптарды сақтай бермейді.

«Сергек» камералары жол қауіпсіздігін сақтауға бағытталған. Осыған байланысты камералар қаланың апатты учаскелеріне, жаяу жүргіншілер өткелдері мен көше қиылыстарына орнатылады.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

МЕЖЕ

**Жемқорлықты жалғыз жеңу мүмкін емес. Тамырын тереңге бойлаған сыбайластықпен күресте көп болып күш біріктірудің маңызы зор. Елдің ертеңі, ұрпақтың болашағы үшін әрбір азамат өзі де пара бермей, өзгенің де паралуына қарсы күрескенде ғана жемқорлыққа тегеурінді тосқауыл қоюға болар.**

Ортақ күреске бейжай қарамақ үшін соңғы жылдары сыбайлас жемқорлық деректері туралы хабарлаған азаматтарды ынталандыру тетіктері енгізілгені есімізде. Ал жақында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің төрағасы Марат Ахметжанов паракорлық, сыбайластық туралы шынайы дерек ұсынған азаматтарды қорғаудың күшейтілетінін мәлімдеді.

Бұл мәселе тіпті, арнайы заңмен реттелмек. Жақында Мәжілістің бірінші оқылымында қаралған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі заң жобасында жемқорлыққа байланысты ақпаратты хабарлағандарды қорғау жүйесін жетілдіру мәселесі қарастырылған. «Бүгінде мемлекеттік қорғау тетіктері қылмыстық процеске қатысатын адамдарға қатысты көзделген. Ал сыбайлас жемқорлық туралы хабарлаған адамдар қылмыстық процеске тартылмауы мүмкін. Сонымен

## КЕСЕЛМЕН КҮРЕСЕТІНДЕР МЕМЛЕКЕТ ҚОРҒАУЫНДА



қатар, оларға қатысты зорлық-зомбылық немесе заңмен тыйым салынған басқа да әрекеттер туралы нақты қауіп төніп тұрған жағдайда ғана заң қолданылады. Мысалы, заңнамада мұндай адамдардың еңбек құқықтарын қорғау жөніндегі шаралар көзделмеген, яғни, жұмыста қудалануы да мүмкін», – деді Марат Ахметжанов.

Көпшіліктің көкейінде жүрген өзекті мәселені шешу үшін заң жобасында еңбек қатынастары саласындағы хабар берушілердің құқықтарын қорғау, алкалы органның отырыстарында оларға қатысты тәртіптік жаза қолдану туралы мәселені қарау мүмкіндігін белгілеу туралы жазылған. Заң жобасында шешім әділ, ашық болуы үшін

міндетті түрде отырысқа сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің өкілін шақыру ұсынылып отыр.

Сонымен қатар, заң жобасында сыбайлас жемқорлық туралы хабарлаған тұлға туралы мәліметтерді құпия сақтау тетігі ескерілмек. Мұндай құпия мәліметтерді жариялаған азаматтар қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Мұндай пәрменді шара ақпарат берген тұлғаның құқығын қорғауға толық кепілдік береді. Құзырлы органның ерікті күрескерлер құқығының қорғалатынына осылай кепілдік беруі сыбайластыққа қарсы азаматтар қатарын көбейтері күмәнсіз.

А.САТЫБАЛДЫ



МИНБЕР

БЕЗБЕН

# ЕТКЕН ЕҢБЕК ПЕН ТӨККЕН ТЕР БОЛАШАҚ ҮШІН

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алысқа бармағанның өзінде, 2021 жыл елімізде және сот жүйесінде айтулы оқиғалармен есте қалды. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық, ҚР Судьялар одағының 25 жылдық мерейтойларын түрлі деңгейдегі іс-шаралармен атап өттік. Мерейтой қарсаңында облыстық соттар әкімшісі мен судьялар одағының облыстық филиалының ұйытқы болуымен сот қызметкерлері арасында командалық спартакиада және шығармашылыққа бейін мамандар арасында әдеби конкурс өткізілді.

Сот тек қана қылмыскерге жаза тағайындайтын орган емес, әрбір істегі даудың ақ-қарасын шешіп, азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіретін, араздасқанды табыстырып, әрқашан татулыққа бастайтын жер. Бір сөзбен айтқанда, мүддесін заңмен қорғайтын халықтың ортақ үйі. Ал халық үшін жұмыс жасайтын жердің де қолайлы әрі заман талаптарына сай болуы қажет. Осы мақсатта өткен жылы облыстық соттың материалдық-техникалық базасын нығайтуда, коммуналдық жүйелерді ретке келтіруге бірқатар жұмыстар атқарылған еді.



Елдегі карантиндік режимде сот жұмысын тоқтатпау мақсатында барлық сот отырыстарын онлайн форматта өткізудің қажеттілігі туындап, қашықтан сот отырысын ұйымдастыру үшін 60-тан аса планшет сатып алынып, сот залдарына Wi-Fi локальды жүйесі орнатылды. Қысқы мезгілде ғимарат ішінде жылулы арттыру үшін қосымша қондырғылар қойылып, су жылыту құралы алынды. Облыстық және қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған сот ғимаратының шатыры қайта жөнделіп, қалыңдату жұмысы жүргізілді. Сонымен қатар, электр қондырғылары мен телефон-байланыс жүйесі қайта қалыптастырылды.

Соттағы ашықтықты қамтамасыз етіп, келуші тараптарға қолайлы орта қалыптастыру үшін жасалған фронт-кеңселерді қайта жаңғырту жұмыстары қолға алынып, соның негізінде Қызылорда қалалық сотының ғимаратында орналасқан фронт-кеңсе түбегейлі жаңартылып қолданысқа берілді. Оның өзіндік ерекшелігі бар. Біріншіден, кіре берісте келушілерді күмбірлеген домбырамен орындалған әсем әуендер күтіп алады. Екіншіден, бірнеше сот пен барлық қызмет бір шаңырақтың астында орналасқанын көрсету мақсатында киіз үйдің «шаңырағы» қойылған. Бұған қоса, осы нысанның төлқұжаты іспетті облыстық соттың ғимараты бейнеленген «лого-тип» орнатылып, оюмен өрнектелген

жантақ гүлі бейнеленген. Ою – ұлттық нақышымыз болса, жантақ – тамыры өте тереңге бойлайтын, төзімді өсімдік. Бұл біздің тарихымыздың, ұлттық салт-дәстүріміздің дауларды шешу тәсілінің тамыры тереңде екенін білдіреді.

Әр тарап өздеріне қатысты істер бойынша мағлұматтар алатын анықтама орталығы, татуластыру үшін жұмыстар жасайтын медиаторлар мен құқықтық көмек көрсететін адвокаттардың қабылдау орны да жаңартылды. Сонымен қатар, фронт-кеңседе құжаттарды қабылдайтын кіріс кеңсесі және сотқа келуші әрбір азаматқа электронды цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, «сот кабинеті» сервисі арқылы арыздар мен өтінішхаттарды, қосымша құжаттарды жолдауға, басып шығаруға және өңдеуге мүмкіндіктер беретін «жеке жұмыс жасау орны» жасақталды.

Сотқа келушілер үшін басты орындардың бірі – күту залы. Ол жерге үлкен экран орнатылып, одан сот жүйесіндегі жаңалықтар туралы бейнероликтер үздіксіз көрсетіледі. Сондай-ақ, балалардың ойын алаңы бөлме гүлдерімен абаттандырылған. Осының барлығы бірінші кезекте халыққа қолжетімділік пен сот қызметкерлерінің қолайлы жерде жұмыс жасауын қамтамасыз етуге бағытталып отыр. Қаңтар қақтығысы кезінде осы тірнектеп жасалған еңбектің бәрі желге ұшты.

Оқиға болған түні соттар әкімшісінің қызметкерлері Н.Ибраев, Е.Раушанбекұлы, Б.Изенов пен С.Тойшиевтер мемлекеттің мүлкін сақтап қалу мақсатында сот ғимаратының электр және жылу жүйесін өшіріп, төрт қызметтік көлікті өрттен оқшаулап, ерлікке тән әрекеттер жасады. Осы оқиғадан соң сот ұжымы біріге отырып, ауа райының суықтығына қарамастан демалыс күндері шұғыл шаралар қабылдап, қолдануға жарамды құрал-жабдықтарды жинақтап, ғимаратты күл-қоқыстан тазалап, қалыпқа келтіру жұмыстарын жүргізді.

Халыққа уақытылы қызмет көрсетіп, жұмысты тоқтатпау үшін қыс мезгілі бола тұра, жылуы жоқ ғимаратта Қызылорда қалалық соты, қалалық №2 сот, мамандандырылған экономикалық, әкімшілік құқық бұзушылық, тергеу, қылмыстық істер жөніндегі соттардың қызметкерлері бұрынғы ғимаратта, облыстық сот пен соттар әкімшісі орталық алаңда орналасқан Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың бас ғимаратында бір күн де тоқтатпастан жұмыстарын жалғастырып келеді.

Ақпараттық технологиялар қызметі мамандарының арқасында бүлінген электрондық құралдар мен кабельдер дереу қалыпқа келтіріліп, сот жүйесінің «Төрелік» бағдарламасы мен «Сот кабинеті» сервисі үздіксіз қызмет көрсетуде. Бүгінгі таңда облыстық әкімдік тарапынан ғимаратқа тиісті жөндеу жұмыстары жүргізіліп, қалпына келтірілуде.

Даңқты бабамыз Білге қағанның «Ел болып бірігуден асқан бақыт жоқ» деген тағылымды сөзін нық ұстанған барша әріптестеріме және қолдау көрсеткен барша жанға ризашылығымды білдіремін және бірлігімізден ажырамайық дегім келеді.

**Сағатбек СҮЛЕЙМЕН,**  
Қызылорда облысы бойынша  
Соттар әкімшісінің басшысы

**2021 жылдың соңында Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық процесстік заңнаманы жетілдіру және дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойды. Заңға енгізілген өзгерістер азаматтық процесстік заңнаманы жетілдіруге, оның ішінде азаматтардың сот шығындарын азайтуға, татуласу рәсімдерінің қолдану аясын кеңейтуге және дауларды сотқа дейінгі реттеу мәселесін қолға алуға бағытталды.**

тарып алған. Бұл көрсеткіш енгізілген жаңашылдықтың қолайлылығының бір дәлелі.

Кез келген дауды қысқа мерзімде, моральдық қаржылай шығынсыз, іскерлік өзара қарым-қатынасты сақтауға тырысып, татуластыру рәсімдерінің негізінде бейбіт келісіммен аяқтау екі тарапқа да тиімді. Сотқа арызбен жүгініп, кейін сол дауды ортақ мәмілеге келу арқылы шешіп жатқан тараптар аз емес. Мысалы, 2021 жылы елорданың бірін-

## СОТҚА ДЕЙІНГІ ХАТТАМА – ЗАҢНАМА ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ

Нақтырақ айтқанда, дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту мақсатында Азаматтық процесстік кодекске сотқа дейінгі хаттама енгізу және істі өндіріске қабылдау сатысында тараптардың дәлелдемелерді ұсыну міндеті туралы жаңашылдық енгізілді. Бұл азаматтық даулар бойынша істің мән-жайын толық ашып, баға беруге кепілдік береді.


Азаматтық процесстік кодекстің 73-бабының 1-бөлігіне сәйкес, бірінші сатыдағы сотқа тараптар және іске қатысатын басқа да тұлғалар сотқа дейінгі хаттаманы жасай отырып, өз дәлелдемелерін талап қоюды қабылдаған кезде ұсынады. Сондай-ақ, тұлға істі сот талқылауына дайындау барысында не сот талқылауы барысында ашылған және сотқа дейінгі хаттамада көрсетілген дәлелдемелерге ғана сүйенуге құқылы. Алайда, бұл қосымша дәлелдемелер кейін мүлде қабылдамайды дегенді білдірмейді. Егер тараптар дәлелдемені істі сот талқылауына дайындау сатысында ұсынуға мүмкіндігі болмағанын негіздей алса, дәлелдемелер сот талқылауы сатысында және апелляциялық сатыдағы сотқа да ұсынуы мүмкін. Бұл өзгерістер ағымдағы жылғы 5 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіліп, сотқа дейінгі хаттама арқылы тараптардың дәлелдемелерді келтіру жұмысы басталып кетті.

Жаңашылдық аясындағы жұмыс тәртібіне тоқталсақ. Сотқа арыз келіп түскен соң сот тараптар заң нормасына сәйкес татуластыру рәсіміне қатысу үшін шақырылады және сотқа дей-

інгі хаттаманың үлгісі қоса жолданады. Сотқа дейінгі хаттама сотқа түскеннен кейін, татуластырушы-судья тараптарға дауды бейбіт жолмен шешудің баламалы тәсілдерінің мүмкіндігі мен тиімді тұстарын түсіндіреді. Егер тараптар дауды сотқа дейінгі хаттамасыз ортақ мәмілеге келіп аяқтаймыз деп шешсе, сот 10 күн ішінде істі қарайды. Ал, дауды сотқа дейінгі хаттама толтырып, бітіммен аяқтайтын болса, сот 15 күннен кешіктірмей азаматтық істі қарауды тапсырады.

Жалпы, жаңа бағытта жұмыс жасауды дауларды сот талқылауынсыз бейбіт жолмен шешудің бір баламалы жолы ретінде де қабылдау қажет. Себебі, сотқа дейінгі хаттаманы толтыру барысында тараптар дауға қатысты барлық мән-жайды айқындайтын дәлелдемелерді келтіреді, оны зерделеу нәтижесінде тараптар дауды тиімді шешудің тәсілдерін қоса қарастырады.

Жыл басынан бастап бір айдың ішінде елорда соттарына келіп түскен талап қоюлар бойынша 27 сотқа дейінгі хаттама рәсімделген және осы даулар татуласу рәсімдерін қолдана отырып қысқартылған. Яғни, талап қоюшы талап қоюды жауапкермен татуласуына байланысты соттан қай-



ші сатылы соттарында қаралған даулар бойынша 764 іс бейбіт келісіммен, 3 363 іс медиация арқылы және 7 іс партисипативтік жолмен аяқталды. Сондай-ақ, апелляциялық сатыда 24 іс бейбіт келісімге келумен, 115 іс медиативтік мәміле жасасумен аяқталды.

Заңнаманы енгізілген татуласу рәсімінің барлығы дауды шешудің жаңа мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Дала заңына сай қара қылды қақ жарған билер де жауласқан екі жақты бір мәмілеге келуге шақырып, дауды бітімгершілікпен аяқтауға тырысқан. Дау туындаған жағдайда сот арқылы жаға жыртқысудың жолын емес, моральдық және материалдық ауыртпалық келтірмейтін татуласудың мүмкіндігін қолданған анағұрлым тиімді.

**Ботагөз БАЯНОВА,**  
Нұр-Сұлтан қалалық сотының  
баспасөз хатшысы

ЖЕГІҚҰРТ

## ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЖОЛЫН КЕСУ МІНДЕТ

**«Сыбайлас жемқорлық» сөзі «corruptio» деген латын сөзінен алынған. «Параға сатып алу», «пара» дегенді білдіреді. Рим құқығында, сондай-ақ, «corruptio» деген түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бұлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген.**

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін

немесе өзге де сот актісін орындамау секілді қылмыстар жемқорлық, сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Біздің мемлекетіміз басқа мемлекеттер сияқты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жұмыс жүргізуде. Қазіргі уақытта жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі құрылымдар негізгі принциптерін айқындап, сыбайластыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ, міндеттемелік шарттарын белгілеп, келсе байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тартуды көздейді. Ал сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, мемлекеттік функцияларды орындайтын мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар және оларға теңестірілген тұлғалардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоюға, ақпараттық түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттырудың маңызы зор. Халық өздерінің құқығын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білуі қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

**Гүлмира ТЕМІРҒАЛИЕВА,**  
Орал қаласының мамандандырылған  
тергеу сотының бас маманы





– Мақсат Серікұлы, соңғы жылдары борышқа неге сонша баттық? Бүгінде екінші бірі банкке қарыз десек асырып айтқандық емес. Тіпті, борышсыз адам жоққа тән дегеніміз дұрыс болар. Мұның негізгі себебі, халық табысының аздығынан. Десе де, банктер талаптарындағы кемшілік те жұртшылықтың жаппай қарызға батуына ықпал етіп жатқандай. Келісесіз бе?

– Бұл бүгінгі күнге дейін жеке тұлғаларды банкроттау туралы заңның болмауының салдары десек қателеспейміз. Заңды тұлғалардың банкроттығы туралы заңмен бірге жеке тұлғалар банкроттығы туралы заңды да қабылдауымыз керек еді. Сонда екінші деңгейлі банктер болсын, шағын қаржы орталықтары болсын, өзінің несие беру саясатын басқаша қалыптастырған болар еді. Яғни, шағын қаржы орталықтары жедел несиелер беру кезінде өзінің салымшыларына қатаң талаптар қояры анық. Қазіргі төленбеген несиелер мәселесі екінші деңгейлі банктер мен микроқаржы орталықтарының кез келген тұлғаның табыс көзін дәлелдемей, төлем қабілетін толыққанды зерттемей қарыз үлестіруінің салдары. Мұндай талаптың болмауы адамдарды үлкен көлемде несие алуға ынталандырды.

**Мақсат СЕРАЛИЕВ,**  
**ЭКОНОМИСТ-САРАПШЫ:**



сиесін төлей алмағандарға күніне бірнеше рет телефон шалып, жан алқымнан алады. Бұл адамды психологиялық тұрғыда шаршатып жібереді. Онсыз да қаржысы жоқ болып жүрген адамның мұндай сәтте мотивациясы төмендеп кетуі мүмкін. Ал, егер олар кем дегенде алты айға мүмкіндік алса, емін-еркін жүрсе қарызды төлеуге ынталанады. Қолынан келгенше нәсібін іздеп, несие-нің жабудың жолдарын қарастырады. Осы мәселені заң жүзінде бекіту қажет деп ойлаймын. Бұл бірақ несиелік тарихта көрініс табуы керек. Осыны банк ескерткені орынды. Заң жобасында осындай тетіктер қамтылуы тиіс.

**– Жалпы, банктердің өсімақылары неге өте көп?**

– Бұл енді кең ауқымды мәселе. Бұған макроэкономикалық көрсеткіштер, Қазақстанның ішкі және сыртқы саясаты, тікелей қаржы-экономикалық бағдарламалар жүйелері әсер етеді. Десе де, тар ауқымда қарайтын болсақ, бізде ұлттық банктің жылдық мөлшерлемені көтеру туралы заңнамамен бекітілген шарты бар. Бұл ұйым кез келген нарықта несиеде портфельінің шекті пайызын белгілеп, оның сақталуын қадағалайды. Барлық екінші деңгейлі банктер, микроқаржы орталықтары бизнес нысаны болып табылады. Олардың көздеген мақсаты – максималды пайда табу. Сондықтан бұл ұйымдар Ұлттық банк беріп отырған мүмкіншілікті қол-

уда. Экономикалық моделіміз АҚШ-қа, Еуропаға жеткен жоқ. Біз өзімізді өзіміз қамтамасыз ете алмаймыз. Нарықтың барлығы импорттық тауарларға тәуелді.

**– Бірақ бізде банктерді қолдау үшін бюджеттен миллиардтаған қаржы бөлінді. Соған сәйкес банктер неге иарттары тұтынушылар мүддесіне сай құрып, халыққа жанашырлық танытпайды?**

– Бұл сіздің субъективті пікіріңіз ғой. Негізі банктер заң аясында жұмыс жасап жатыр. Бұл жерде үкімет тарапынан банкке талап болу керек. Үкімет банкке салымшыларды категорияға бөліп, әлеуметтік аз қамтылған тұрғындарға несие аз пайызбен бер деген сияқты міндеттер жүктеуі керек. Банкте халыққа жанашырлық жасау тетігі де жоқ. Егер мұндай қадамға баратын болса, онда олар үкіметтен көмек сұрайды. Бұл жерде Үкімет қаңтар оқиғасын ескере отырып, экономика үшін тиімді реформа жасағаны жөн.

**– Әлемде жеке тұлғаларды банкроттау тәжірибесі қалай?**

– Бұл шара бойынша әлемде жақсы тәжірибе қалыптасқан. Бізге Еуропаның үлгісі қолайлы. Жалпы, банкроттау әлемде компания үшін де, адам үшін де барлық әдістер ешқандай тиімді нәтиже бермегенде қолданылатын шара. Біріншіден, жеке тұлғалар бұл әдісті несиеден құтылудың амалы еместігін, енді тағы қарыз алып бұрынғыдай жүре беруге болмайтынын түсіну керек. Еуропада банкроттық деген шын мәнінде одан кейін қаржы жүйесінде мәңгілік кара тізімге алып, тіпті бөліп төлеу мүмкіндігі қолжетімсіз болатын, қолда бар активтердің тек ең қажеттісі қалатын процедура. Сондықтан бұл қадамға борышкерлер барынша ойланп барды. Бізде де кез келген адам төрт-бес миллион теңге несие алғаннан кейін ертесіне барып банкроттық жариялатып тұрмауы керек. Біздің халықты білесіз ғой, осындай жағдайға да бейімделіп алғандай. Ертең несие алып, үш айдан кейін банкроттың деп жатса таңқалудың еш жөні жоқ.

**– Жалпы, жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заңда қандай нормалар қамтылып отыр? Сіздіңше онда қандай мәселелер қарастырылуы керек?**

– Жоғарыда айтып өткеніміздей, бұл заң аясында жеке тұлғаны банкрот деп жарияланғаннан кейін несие алу құқына бір жола тыйым салынады. Меніңше, бұл тым қатаң талап. Біз борышкерлердің мемлекеттік бағдарлама бойынша тұрғын үй алуына кедергі келмеуі жайын ойластырғанымыз жөн. Сол секілді жұмысқа қабылдау кезінде банкроттық назарға алынады. Мұны да өз басым қолдай алмаймын. Керісінше, мұндай дискриминацияның алдын алғанымыз жөн. Сондай-ақ, банкрот жарияланған тұлғаның шетелге шығуына тосқауыл қою қарастырылуда. Бұл да азаматтардың қаржылық жағдайын жақсартуға кері әсерін тигізетін шара. Өйткені, олар ағылшын тілін білетін, шетелдік компаниялар үшін сұранысқа ие маман болуы мүмкін. Өзге мемлекетке кету бұл азаматтар үшін қабілетін пайдаланып, қайда болса да жұмыс істеп, табыс тауып, толыққанды оңалуына мүмкіндік алу жолы шығар. Сондықтан да мұндай шектеуден де аулақ болғанымыз жөн.

**– Уақыт тауып, сұхбаттасқаныңызға рақмет!**

**Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,**  
**«Заң газеті»**

## «НЕСИЕЛЕНДІРУ СЯСАТЫН ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРТУ КЕРЕК»

Мысалы, шағын қаржы орталықтарында тек қана жеке қауіпке қарыз алуға болады. Оны тұтынушы төлей ала ма, оған экономикалық жағдайы келе ме, ешкім бұған назар аудармайды. Шағын қаржы ұйымдары тек өзінің табысын ойлады. Өйткені, бұл ұйымдар заңмен қорғалған. Егер тұтынушылар қарызын уақытында төлемесе, оларға әр күнге 0,5 пайыз көлемінде айыппұл салынады. Мысалы 100 мың теңгені қарызға алып, 2-3 ай төлемесеңіз оның көлемі 300-500 мыңнан асып кетеді. Бұл тұтынушының несиеді төлеуге деген ынтасын жоғалтып жібереді. Осы тұрғыда заңмен қорғалған несиелік әділетсіздік орын алып тұр. Себебі, несие алушының мүддесі назардан тыс қалған. Осының салдарынан қазіргі таңда несиеге қатысты проблемалар туындап отыр.

**– Яғни, қазір дайындалып жатқан жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң жобасы кеш қабылданған шара демекші бе?**

– Қазір несиелерін төлей алмай отырғандардың жалпы саны 2 миллионнан асып отыр. Егер де заң қабылданатын болса, ол үлкен коллапсқа алып келеді. Үкімет бұған дайын болу керек. Өйткені, екінші деңгейлі банктер мен шағын қаржы орталықтарының қарызы жабылуы керек қой. Олар ақшасын несиеге берді, ал аталмыш заң талабы бойынша онысы қайтарымсыз болып есептеледі. Бұл олардың жұмысына зардабын тигізіп, банкроттыққа алып келуі мүмкін.

Бірақ ақиқаты сол – бұл заң керек. Соған орай екінші деңгейлі банктер несиелендіру саясатын да түбегейлі өзгерту керек.

**– Қай бағытта?**

– Алдымен олар қарыздың үстем-ақысын төмендету керек. Сол арқылы жоғарғы табысы бар, белгілі деңгейде қаржылық тәуелсіздікке қол жеткізіп отырған азаматтарға берілетін несие өсімақысын көбейткені дұрыс. Ұлттық банктің жылдық тиімді өсімақысы 49 пайыздан аспауы маңызды. Бірақ біздегі микроқаржы орталықтары бұл талапты орындағанымен, айыппұлды жоғары белгілейді. Қазіргі таңда кепілсіз 7 миллион теңгеге дейін алуға болады. Бұл, әрине, қызығарлықтай қаржы. Мұның сыртында оның өсімақысын бөлек көрсетеді. Сосын адамдар еш ойланбай, оны құдды бір тегін бергендей көріп, көзді жұмып ала салады. Жалпы, кез келген банктен несие алу кезінде пайыздық өсімақыға емес, жылдық тиімді өсімақыға назар аударған дұрыс.

**– Үкімет жеке тұлғалардың барлығы банкроттыққа ілікпейді деді. Осы шараны жүзеге асырарда қандай мәселе ескерілу керек деп ойлайсыз?**

– Заң қабылданғаннан кейін бәрібір жалпыны қамтиды. Оның сыртында 2 миллионнан астам адамның қазіргі таңда несие қоржындары қиын жағдайда тұр. Олардың барлығы бұл мүмкіндікті пайдалануға тырысады. Екінші деңгейлі банктер кімді банкроттау керек екенін зерттейді ғой. Борышкерлерге банкроттық жариялау қаншалықты негізді екендігін анықтайтын комиссия құрылады. Мәселе осылай шешіледі.

**– Банкроттау шарасы қалай жүреді? Бұл ретте борышкерлерге қойылатын талаптар бар болар?**

– Банкротталу несиелік тарихына тікелей әсер ететін болады. Яғни, оған іліккен борышкерлер кара тізімге қосылуы мүмкін. Қазір біздің халқымыз-

дың басым бөлігі пәтерсіз. Аталмыш талап болашақта мемлекеттік бағдарламалар бойынша ипотека алатын кезде алдынан шығып, кедергі тудырады. Осыдан көріп тұрғанымыздай, банкрот болғандар алдағы уақытта қарызға үй ала алмай қалуы мүмкін. Одан кейін шетелге шығуына тосқауыл қойылуы да ғажап емес. Сонымен қатар, болашақта жұмыс істеген кезде де банкроттығы алдынан шығуы ықтимал. Сондықтан

**Е**лімізде жан басына шаққанда адамдарғы несиелендіру тығыздығы өте жоғары. Қазір алған несиелерін төлей алмай отырғандардың жалпы саны 2 миллионнан асып отыр. Егер де заң қабылданатын болса, ол үлкен коллапсқа алып келеді. Үкімет бұған дайын болу керек.

борышкерлер «Жеке тұлғаны банкроттау туралы» заң қабылданды, мен өзімді банкроттың деп жариялаймын» деген шешімге ойланп барып келуі керек. Тек қана банктердегі несиеді жабуды көздеп қоймай, алдағы жағдайларын ұмытпаған жөн.

Банктер де азаматтардың жағдайына орай шешім қабылдауы тиіс. Олардың экономикалық жағдайының төмендігін, төлем қабілеті жоқтығының себептерін зерделеу керек. Олар мысалы жұмыссыз болуы мүмкін немесе отбасында қайғылы жағдай орын алған шығар, мұндай жағдайда борышкерлерге 6 айға дейін өзіне-өзі келіп, қаржылық жағдайын түзеп алу үшін уақыт берген абзал. Осы кезеңде алты ай оған қоңырау шалмай, жайына қою керек.

Өзіңіз білесіз, бүгінде банктер не-

туындап отыр. Шын мәнінде Қазақстан дамыған елдер секілді ішкі нарығын сексен-токсан пайызға өз тауарымызбен қамтамасыз етсе, халықтың басым бөлігі орташа және жоғары деңгейде табыс алса, банктер төмендетілген несие беруге ынталана берер еді. Дамыған мемлекеттерде халықтың жағдайы жоғары, олар несие алуға мұқтаж емес. Оларға мемлекет ұсынады. Ал бізде керісінше несиеге деген сұраныс өте жоғары. Осыны қолдана отырып, екінші деңгейлі банктер максималды деңгейде табыс табуды көздеп отыр. Бүгінде халықтың көбінде кем дегенде екі несиеден бар. Бұл экономикаға өте зиянды. Өйткені, халықтың жеке табысы жоқ. Тапқан табысын банктерге қарыз төлеу үшін жұмсап отыр. Оның қалтасында өзін-өзі дамыту, кәсіп ашуға қор қалма-

### ОҢ ҚАДАМ

## ЖҮЙЕНІ ЦИФРАНДЫРУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ

**С**от реформасындағы нәтижелі әрі табысты жобалардың бірі де бірегейі – смарт сот немесе «IT сот төрелігі» де Президенттің бақылауында. Бұл жоба пандемияның кезінде жұмысты бұрынғы үрдіспен үздіксіз жүргізуге септігін тигізді.

Технология соттың ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етуді біршама жеңілдетеді. Сондықтан оны енгізу қоғамның соттарға деген сенімін нығайту үшін керек. Сонымен қатар соттар мен сот рәсімдері қазіргі заман талабына сай болуға және азаматтарымыздың, бизнес пен инвесторлардың құқығын қорғауға тиіс.

Сот жүйесіндегі барлық реформаның негізі адам игілігіне бағытталған. Сот рәсімдері бәріне түсінікті болуға тиіс. Сот онлайн өтсе де, тікелей қатысу арқылы өтсе де, әр тараптың көкейінде түсініксіз сұрақ қалмау

керек. Бұл жерде де жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану маңызды рөл атқарады.

Әуелден-ақ, сот залдары жаңа заманға сай, сапалы дыбыс-бейнежазба жүргізуге арналған техникалармен жабдықталған. Сотқа жүгінуші тараптар өздерінің талап арыздары мен өтініш-шағымдарын Жоғарғы Соттың интернет ресурсындағы «Сот кабинеті» сервисі арқылы тапсыруда. Одан басқа барлық іс қағаздары мен барлық құжат айналымы электронды жүйе арқылы жүргізіліп келеді. Қазіргі уақытта соттар қалыптасқан режимде жұмыс жасауға көшті.

Жасыл статусқа ие әрбір азамат сот залдарына жіберіледі. Сондай-ақ, әр сот залына дыбыс-бейнежазба камерасы орнатылған. Тараптар іске Whatsapp, Skype, Zoom бағдарламалары арқылы да қосыла алады.

Соттағы IT қызметтерінің мүмкіндігін кеңейтуді екі кезеңге бөлетін болсақ, осы аталған жетістіктердің барлығы бірінші кезеңнің жемісі болар еді. Бүгінде сот жүйесі өз жұмысына жасанды интеллект элементтерін енгізуге отырып, цифрландыруды дамытуда серпіліс жасап жатыр. Бұл екінші кезеңнің бастамасы. Тіпті, қазіргі уақытта Жоғарғы Сотта роботтық сот төрелігінің келешегін талқылауға баса назар аударылып отыр.

Сот актілерінің сапасын арттыру, IT технологиялардың көмегімен бірыңғай сот прак-

тикасын жедел қалыптастыру және құпиялылық талаптарын сақтай отырып, бәсекелестік органы дамыту үшін соттағы IT сервистеріне барлық мүдделі тұлғалардың қолжетімділігін қамтамасыз ету – цифрландыру жүйесінің алдағы межесі осы. Мысалы, жасанды интеллект элементтерін пайдаланып енгізілетін сот актілерін талдайтын «Сот практикасының цифрлық талдауы» пилоттық бағдарламасы сот шешімінің мәнін түсінуге, оларды бір-бірімен салыстыруға, ауытқуларды анықтауға, яғни, даудың белгілі бір түрі бойынша қолданыстағы практиканы зерделеуге мүмкіндік береді. Болашақта сот актілерін, яғни, автоматты түрде бірнеше секунд ішінде даусыз істер бойынша шешім жобасын дайындайтын роботтандыру бағдарламасы



**Серік НАУРЫЗБАЕВ**  
Маңғыстау облысы  
Мұнайлы аудандық сотының  
төрағасы

іске қосылуы мүмкін. Мұндай жағдайда шешімді бекіту және қол қою жауапкершілігі судьяда қалады. Конституциялық талаптар бұзылмайды.

Жүйе сияқты бір санкциялық материалды қарауын 60

минуттан 5 минутқа дейін қысқартады, сәйкестігін тексереді, тіркейді және санкциялар бойынша жүктемені бөледі. Судьялардың күрделі істерді зерттеуге уақыты көбірек болады. Сол сияқты әлімет өндіріп алу туралы сот қаулылары, даусыз істер мен материалдар үшін роботты қолдану мүмкіндіктерін кеңейту көзделуде. Бұл жанашырлықтың негізі құқық үстемдігін нығайтуға, сот төрелігі жүйесінің ашықтығы мен айқындығына жәрдемдесуге бағытталған.

Елімізде сапалы сот төрелігін жүргізуге техникалық та, материалдық та жағдай толық жасалған. Дегенмен, бұл азаматтардың даумен сотқа жүгінулерін арттыруға сеп болмау керек. Керісінше, жылдам әрі сапалы қызмет дауласушылардың мәселесін дер кезінде шешуге бағытталған.



САРАП

Атырау облыстық сотының ұйымдастыруымен заманның заңғар ұлы, Атырау жерінің ардақты перзенті Салық Зиманұлының ғасыр тойына арналған ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Академик Салық Зимановтың өмір жолы тәуелсіз Қазақстанның құрылуымен тығыз байланысты. Оның Ата Заңымыздың негізін қаласып, бүкіл ғұмырын заңдардың салтанат құруына арнауы – осының айқын дәлелі.

Баршамызға мәлім, егемендіктің алғашқы жылдарынан бастап халқымыздың жазба және ауызекі тарихи тереңнен зерттелді. Осы ауқымды жұмыстың басы-қасында Салық Зиманұлы болғаны тарихтан белгілі. Әсіресе, академиктің бір топ ғалымдармен бірлесіп «Қазақтар Ата Заңдары» деп аталатын көп томдық жинақ әзірлеудегі еңбегі өлшеусіз.

Осыдан кейін ғалым Қазақстанның ғана емес, сонымен қатар оның шегінен тыс жерлерде де қызығушылық тудыратын зерттеулердің кейбір негізгі тұжырымдарына жариялық беру қажеттігін ескеріп, билер сотын кеңірек түсіндіріп, танытуға үлес қосты.

Шын мәнінде, дала демократиясының теңдесі жоқ тарихи мұрасына айналған билер соты біздің заманымызға дейін ел бірлігін сақтау мен қоғамдық тәртіпті қадағалаудың озық үлгісі саналады.

Билер институтына халықтық демократия мен қазір де біз ұмтылып жүрген демократиялық құндылықтарға ие бірыңғай жүйе деп қараған жөн.

Ол ортағасырлық казак құқығы саласындағы дала заңының негізгі тасымалдаушысы, реформаторы және іске асырушысы рөлдерін атқарды.

Би – бұл ең алдымен судья. Билер үшін «Шыннан өзге құдай жоқ» немесе «Малым – жанымның садағасы, жаным – арым садағасы» дегеннен асқак қағида болмаған. Ар, намыс, абыройды меңзейтін осы бір асыл қасиеттерді ата-бабамыз көздің қарашығындай сақтап, ұлттың тұла бойына сіңіре білген.

Би болуға талаптар жоғары болды. Биді іріктеу кезінде олардың кара ба-

БИЛЕР – ДАЛА ДЕМОКРАТИЯСЫНЫҢ ҮЛГІСІ



сының қамынан бөлек, қатаң талаптар қойылып, әртүрлі сынаққа салынып отырған. Табиғи терең зердесі, орақ тілді шешендігі, елді ұйғытар көсемдігі, «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті Жарғы» және өзге де дала заңдарын жетік меңгеруі негізгі талаптардың бірі болған.

Бұл туралы академик Салық Зиманов өзінің төрт тілде шыққан «Қазақтар билер соты – бірегей сот жүйесі» деген кітабында: «Қазақтың билер соты өзіне жүгінген тараптардың дауларын қарастыра отырып, тараптардың арасында, рудың арасындағы бітімгершілікке және бірлікке қол жеткізуге тырысатын. Билер сотының осы асқак мұраттарының талабына жауап беру үшін билер дала далаларының мектебінен өтуге, алдыңғы ұлы билердің сынынан сүрінбеуге тиіс болған» дейді.

Қазақта: «Би бол, би болмасаң, би түсетін үй бол» – деген тамаша тіркес бар. Дала заңдары үстемдік құрып тұрған тұста әрбір казак отбасы ұрпағынан би шыққанын қаласа керек. Сол себепті, би болуға да «тәрбие тал

бесіктен» басталатынын ерте ұққан. Мәселен, Тобықтыдан шыққан «төбе би» күллі қазақтың данышпаны Абайы осының анық дәлелі. Мұны алты жасар ұлын қазақтың кең байтақ жерін аралатып, түрлі жиындар мен пікір сайыстарда додаға салған аты мәшһүр Құнанбай тәрбиесінің жемісі деп білеміз.

Жалпы, казак билер сотының әлем тарихындағы альтернативті жүйелермен салыстырғандағы өзіндік ерекшелігі жетіп артылады. Себебі, казак билерінің қызметі ізгілікке және татулыққа негізделген. Мәселен, билер дәуірінде казак құқығы өлім жазасы, бас бостандығынан айыру, тәнге зақым келтіру сияқты жазаларды мүлдем білмеген. Керек десеніз, қазақтың кең байтақ жерінде түрмелер мен зындандар да болмаған. Өйткені, барлық сот даулары мен ең күрделі қақтығыстар азаматтық-құқықтық қатынастар болып есептелген, олар бойынша мүлдікті және мүлдікті емес айыппұл, ұялту, татуласу және басқа да жаза түрлері қолданылған.

Жауапкершілік пен жаза түрлері билердің мол тәжірибесіне байланысты

түрленіп тұрды. Өйтсе де, жазаның негізгі үш түрі кеңінен қолданылған: олар «құн төлеу» – кісі өлтіру және кісі өлтіруге теңестірілген іс-әрекеттер үшін төлем, «тоғыз» – тоғыз атаудан тұратын мүлдікті жауапкершілік салу, «айып» – кешірім сұрау мен айыппұлды (ат, тон, шапан) мензеген.

Жалпы, казактың дәстүрлі құқығындағы билер сотының және ел тұтастығы үшін билердің атқарған қызметі орасан зор. Бір сөзбен айтқанда, бұрынғы билер бүгінгі мемлекеттік биліктің функционалдық қызметтерін толықтай атқарып келді десек, қателеспейміз. Билік дәстүрдің бүгінгі келбеті «судья» ретінде, ал билер соты «сот билігі» ретінде жалғасын тапты. Мәселен, республикада неғұрлым күрделі қылмыстық істерді қарау кезінде барынша әділдікті қамтамасыз ету үшін енгізілген «алқабилер соты» бұрынғы билер сотынан қалған ұлттық элементтерді сақтап қалды. Біз өткеннің озық дәстүрлерін бүгінгі заманға лайықтау арқылы көп игілікке қол жеткізуге болатынын түсіндік.

Бірнеше жыл бұрын Жоғарғы Сот бастамасымен үлкен жобалар қолға алынды. Соның бірі – татуласу рәсімдерін танымал етуге бағытталған «Татуласу: сотта, сотқа дейін» жобасы еді. Осы жобаның аясында 2018 жылы республикада алғаш және тұңғыш рет «Атырау облысының Билер кеңесі» деп аталатын қоғамдық ұйым құрылды. Зиялы қауым өкілдерімен өткен ауқымды жиындардың бірінде: «жыл сайын Атырауда 2000 отбасы некесін бұзады, орта есеппен әр отбасында 2 баладан деп есептегенде, 4 мыңға жуық сәби жартылай жетім есіп жатыр» деген ақпарат кімді болса да бейжай қалдырмағаны анық. Бұл зиялы қауымның бас біріктіруіне, ел ақсақалдарын қалың елдің дау-дамайына басу айтуға үгіттейтін алғашқы қадам болды. Ұйымның «билер соты» емес, «билер кеңесі» болып құрылуының да терең

мәні бар. Бастамашылар «сот» кесімді сөйлеп, шешім шығаратын жүйе болса, «кеңес» ақыл қосып, кеңес беретін орта болу керек деген шешімге келді. Сөйтіп, өңірдің барлық аймақтарынан бас қосқан жалпы саны 60-қа жуық елге аты таныс, абыройлы ақсақалдар мен ақжаулықты аналардың белсенді қызметі басталып кетті. Олар отбасы-тұрмыстық мәселелерді бірлесіп карап, бір жыл ішінде 200-ге жуық дауды сотқа жеткізбей шешуге ықпал етті. Бұл тәжірибе кейін еліміздің көп өңірлерінде жалғасын тапты. Би кеңестері қоғамдағы азаматтық мәселелерді шешіп, сотқа дейін бітімге келіп, татуласуды жүзеге асыратын альтернативті жүйеге айналды.

Осыбір қайта түлеп келе жатқан «Билер кеңесін» қолдау, олардың қызметін қоғам арасында кеңінен насихаттау, әрі дәріптеу мәселесін қолға алу керектігін ұмытпаған жөн. Бұл өткенге құрмет, тарихқа тағзым болатын игі іске айналары сөзсіз. Сондай-ақ, билер институтының терең тарихи рөлі мен оның қазіргі заманға қажетті өзекті тұстарын назарға ала отырып, от ауызды, орақ тілді шешендердің ізбасарларын қалыптастыру үшін сот төрелігі, құқық қорғау академияларының және жалпы заңтану мамандығына оқытатын білім мекемелерінде оқу бағдарламасына «Шешендік өнер» пәндік циклін енгізу қажеттігі туралы ой туындайды.

Келешек ұрпақ ұлтымыздың өзіне тән осындай құқықтық мәдениеті, оның халық алдындағы беделі мен рөлінің жоғары болуына билер сіңірген өлшеусіз еңбекті барлық қырынан танып-біліп қоймай, биге тән қасиеттерге бой түзеп өссе дейміз. Халық жадында: «Елге бай құт емес, би – құт» деген қанатты сөз бар, ендеше, ата дәстүрін бірге сақтайық!

Д. ДАУМОВ, Атырау қаласының №2 сотының судьясы

ПІКІР



ІЗДЕНІС ТҮБІ – ЖЕТІСТІК

Сот жүйесінің дамуы тоқтап қалатын құбылыс емес, оны үздіксіз жетілдіріп отыру керек. Сол секілді, судьяларға да қойылатын талап ауыртпалығына қарай әралуан бағытта үнемі өзгеріп отырады.

2000 жылы Қазақстан ТМД елдерінің ішінде алғаш болып сот ісін жүргізуге ақпараттық технологияларды енгізуді бастады. Нәтижесінде, тәуелсіздік жылдары қоғамда заңдарымыз жұмыс істеп, әрбір адамның құқықтық негізде өз мүддесін қорғауға деген сенімі нығайды. Азаматтардың соттарға жүгіну көрсеткішінің жыл сайын артуы осыған айқын дәлел. Ал судьялар бұл ретте технология тілін барынша тез меңгеріп, жұмыс тәртібі жеңілдетілді.

Зияткерлік және кәсіби қуатқа ие судьялар корпусының қалыптасуы үшін де маңызды шаралар іске асуға. Соттардың тәуелсіздігі мен судьялардың мәртебесі айрықша бекітілген. Сот корпусының кәсібилігін арттыру үшін жаңадан тағайындалған судьяларға сынақ мерзімі, кадрларды іріктеудің карьерлік моделі, судьялықка кандидаттарды психологиялық тестілеу мен полиграф аппаратында зерттеу енгізілді. Судьялар мен сот кадрларын іріктеудің барлық кезеңі БАҚ-та жарияланады және ашық жүргізіледі, бұл процеске Қоғамдық кеңестер де тартылады.

Судьялардың кәсіби қызметі мен тұрмыстағы жүріс-тұрысы үшін моральдық жауапкершілігін арттыратын Судьялық әдеп кодексі қолданыста. Кодекстің тек судьялар үшін емес, бүкіл сот жүйесіне енгізетін игілікті тұсы көп. Онда қазіргі заман қазысының этикалық ұстанымдары мен кәсіби қызметін атқару кезіндегі, тіпті отбасы мен тұрмыстағы әдеп ұстанымдары бөлек-бөлек көрсетілген. Кодекстегі қағида мен ереже барлық судьяларға, доғарыстағы судьялар үшін де ортақ және оны сақтауға бәрі міндетті.

Судьялар барлық кезде сот жүйесінің абыройын түсіруі мен сот төрелігінің мүдделеріне залал келтіруі мүмкін түсіндемелерден тартынуы қажет. Судьяның соттан тыс жерде жүріп тұруы, оның процеске қатысушылармен өзара қарым-қатынасы соттың тәуелсіздігі туралы қоғамның сенімділігін

сақтауға ықпал етуге тиіс. Судьяларға саяси мақсатты көздейтін саяси партияда немесе қоғамдық бірлестікке мүше болуға жол берілмейді. Қандай да бір қоғамдық бірлестіктерді қолдап, жария сөйлеуге, олардың саяси өміріне қатысуға да заңда қарсылық көзделген. Яғни, бұл талаптар судьяның тәуелсіздігін қамтамасыз етеді.

Мемлекет басшысы 2021 жылғы 20 желтоқсанда «Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы Конституциялық заңға өзгерістер енгізу туралы» заңға қол қойды. Жаңа заңға сәйкес, биылдан бастап сот жүйесін қаржыландырудың жаңа моделі енгізілді. Бұл өзгерістің де бір ұшы соттардың өзге органдардан тәуелсіздігін арттыруды көздейді.

Судья – адам тағдырын таразылайтын, мәртебелі лауазым. Бұл лауазымды игеруге заңгерлік білімі бар әрбір адам құштар, бірақ оған лайықты болу үшін тек дипломның болуы жеткіліксіз. Судьялыққа үміткерде әділ төрелікке кепіл бола аламын деген асқак мақсат болуы керек. Қиындыққа төтеп беру, жауапкершілікті абыроймен көтере білу және кез келген жағдайда өз тәуелсіздігін сақтап қалу судьяның міндеті. Сот саласында осы мақсатты көздеп, жұмыстың ауырлығына қарамай, адам тағдырын қолға алып, мемлекет атынан шешім қабылдайтын судья уақытпен санаспай жұмыс жасайды. Қазіргі кезде судьяларға ашықтық пен жариялық талабын қоюмен қатар, сот актілері мен құжаттарды жүргізудің белгілі бір уақыты белгіленген. Сондықтан көрсетілген мерзімде әрі істі байыппен карап, қателікке жол бермеу үшін іздену судьяларға қойылатын талаптың бірегейі.

Соттардың жүктемесін азайту, процестік заңдардағы бюрократияны жою сияқты қадамдардың барлығы судьялардың жауапкершілігін арттырады. Әлі де халықтың сотқа деген сенімі бірнеше есе артуы қажет. Ал ол үшін судьяның тәуелсіздігі басты орында.

Аида АТАШЕВА, Ақтау қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік құқықбұзушылық істер жөніндегі сотының судьясы

ӘДЕП КОДЕКСІ

ЖАУАПКЕРШІЛІК БӨРІНЕН БИІК

Мемлекеттік қызметшілердің моральдық-адамгершілік бейнесіне және іскерлік қасиеттеріне қойылатын талаптар Әдеп кодексінде белгіленген. Әдеп кодексі жалпы ережелер, мінез-құлықтың жалпы стандарттары, қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық, қызметтік қатынастардағы мінез-құлық және көпшілік алдында, оның ішінде БАҚ-та сөйлеумен байланысты мінез-құлық стандарттары деп аталған бес бөлімнен тұрады.

Мінез-құлықтың жалпы стандарттарында мемлекеттік қызметші Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға, адал, әділ, қарапайым болуға, өздері қабылдайтын шешімдердің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз етуге міндетті екендігі айтылады.

Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, іскерлікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін

жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуға тиіс.

Осы жаңа заңнамаға сәйкес мемлекеттік қызметшілер, оның ішінде басшы лауазымдарды атқаратындар, ұжымда өз діни көзқарасын ашық көрсете алмайды, бағынысты қызметшілерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне қатысуға мәжбүрлей алмайды.

Қызметтен тыс уақытта мемлекеттік қызметшілер жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстанып, қоғамға жат мінез-құлық, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін мәншілдікке болу жағдайларына жол бермеуге тиіс.

Сонымен қатар, басты мәселелердің бірі басшылар қарамағындағы қызметшілермен қарым-қатынас кезінде меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етуге, кадр мәселелерін шешу кезінде туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендік белгілері бойынша артықшылық көрсетпеуге тиістілігі жазылған.

Көпшілік алдында, оның ішінде БАҚ-да сөйлеумен байланысты мінез-құлық стандарттары мемлекеттік орган қызметінің мәселелері бойынша көпшілік алдында сөйлеуді оның басшысы немесе мемлекеттік органның бұған уәкілеттік берілген лауазымды адамдары жүзеге асырады. Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметтік беделіне нұқсан келтірмей, пікірсайысты сыпайы нысандар жүргізуге тиіс.

Әдеп кодексінің басты міндеті – сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтардың профилактикасына бағытталған іс-шараларды әзірлеу, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік әдепті сақтаудағы жауапкершілік деңгейін арттыруды көздейді.

Ж.ИЛЬЯСОВА, БҚО қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты кеңесінің бас маманы – сот мәжілісінің хатшысы

БІТІМ

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУДЫҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ

Елімізде дауларды шешудің қосымша әдісі ретінде 2011 жылдың 28 қаңтарында «Медиация туралы» заңы жария етілді. Аталған заң жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан, сондай ақ, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында және де сотқа дейінгі дауларды шешуге, сонымен қатар атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындайтын қатынастар бойынша қолданылады.

Бүгінгі күні медиация институты – дау-жанжалдарды шешудің ең тиімді баламалы жолы және азаматтардың бұзылған құқықтарын қорғаудың төте жолы. Азаматтар өз шарттарын қойып, оған өзара келіскен жағдайда ғана татуласу келісімі бекітіледі. Ең бастысы, шешім орындалмай қалмауы керек. Тараптар өзара келісімге келу арқылы өзіне жүктелген міндеттеніме де дер кезінде орындауға міндеттенетінін қаперінде ұстауы шарт. Келісім ерікті түрде орындалмаған жағдайда та-

лапкердің өтінішхаты бойынша сот берген атқару парағы мәжбүрлеп орындауға жатады.

Татуласу рәсімдерін қолдана отырып дауды реттеу туралы өтінішхат, егер осы кодексте немесе заңда өзгеше көзделмесе, жария-құқықтық қатынастардан туындайтын істерден басқа, талап қою ісін жүргізудің кез келген ісі бойынша берілуі мүмкін.

Медиатордың негізгі міндеті – екі тарапты татуластырып, бітімге келтіру. Бітімгершілік – дауды шешудің озық әдісі. Ұсақ-түйек келіспеушіліктердің бітімгершілікпен шешілуі, қиын істердің сапалы қаралуына ықпал етіп, азаматтардың уақытын үнемдеп, сот барысында орын алатын моральдық, материалдық қиындықтардан құтқарады. Медиация тәсілі сот ісіндегі тазалықты, әділ төрелікті қамтамасыз етеді.

О.АЛДАБЕРГЕНОВА, Маңғыстау облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы



ИНДЕТ

# СЫБАЙЛАСТЫҚ СЕҢІМДІ СЕТІНЕТЕДІ



**К.САГИНБАЕВ**  
Ақтөбе қаласының №2 сотының кеңсе бас маманы сот мәжілісінің хатшысы

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздегі үлкен мәселелердің бірі болып отыр. Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы – адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ.

Жасыратыны жоқ сыбайлас жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналды, себебі, бұндай әрекеттің мемлекеттік қызметкерлер тарапынан көрініс табуы мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, қоғамда өкіметке, билікке деген сенімсіздік тудырады.

Қазіргі заманғы әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресуді күшейту жұмысы үздіксіз жүргізілуде және әрдайым жетілдірілу үстінде. Әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресу механизмінің барлық елдерге тиімді болатын бірегей жинағы жоқ. Әрбір мемлекет қолданатын сыбайлас жемқорлықпен күресу әдістерінің жиынтығы өзгеше, ол елдің саяси және эконо-

микалық тұрақтылығына ғана емес, сонымен қатар әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлеріне, діни ерекшелігі мен құқықтық мәдениет деңгейіне және аумағы бойынша алатын жеріне, халқының саны мен орналасу тығыздығына да байланысты болып келеді. Осыған байланысты 2014 жылдың 26 желтоқсанында Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегиясы бекітілді.

Стратегияның мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа кез келген жемқорлықтың туындауына «нөлдік» төзімділік таныту атмосферасын құру жолын қолдану арқылы барлық қоғамды тарту, сондай-ақ, Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері және лауазымды тұлғалар жүргізуге міндетті.

Қоғамның қабілеттілігі, оның ішінде біздің жастарды бақылау, мемлекеттік шенеуніктердің жемқорлық әрекеттерін анықтау және болдырмау жергілікті мәселелерді зерттеудің арқасында артады. Сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін қоғамның барлық жігінің жүйелі түрдегі күш-жігері қажет.

Сыбайлас жемқорлыққа қатысты мәселе әрқашан ел Президентінің назарында. Ел Президенті Қ.Тоқаев: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – еліміздің стратегиялық дамуындағы негізгі басымдықтардың бірі» деген болатын. Сыбайлас жемқорлықпен күресте көп нәрсе бүкіл қоғамның белсене атсалысуына байланысты.

Сондықтанда, қоғамдағы қандай да болсын келеңсіздіктің алдын алуды әрбір азамат өзінен бастаған жөн. Бұл ретте, отанымыздың патриотымын деп есептейтін әрбір азаматтың еліміздің биік белестерді бағындыруы, мемлекетіміздің 50 дамыған елдердің қатарына кіруі сынды асыл мұраттарға қол жеткізуі отан алдындағы еңбегін адал атқаруымен тікелей байланысты болмақ.

БІЛГЕН ЖӨН

# ӘКІМШІЛІК ІСТЕГІ ЖАЗБАША ІС ЖҮРГІЗУ

Сотта жазбаша іс жүргізу тараптардың келісімімен жүргізіледі.

Әкімшілік істі жазбаша талқылауда ақылға қонымды, бірақ талап қойылған күннен бастап, үш айдан аспайтын мерзімде қарауға жатады. Аса күрделі әкімшілік істер бойынша бұл мерзім соттың уәжді ұйғарымымен ақылға қонымды, бірақ үш айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Жазбаша іс жүргізудің бір ерекшелігі, егер бұл істі дұрыс шешу үшін қажет болса, сот өз қалауы бойынша ауызша талқылауын өткізгеннен кейін жазбаша іс жүргізуді одан әрі жүзеге асыру қосымша ұйғарымдар шығарылмастан жалғасады.

Әкімшілік іс осындай тәртіппен қаралған кезде сот тараптар ұсынған және өз бастамасы бойынша талап етілген дәлелдемелерді зерттейді және олар бойынша шешім қабылданады.

Жазбаша іс жүргізу тәртібімен қаралған әкімшілік іс бойынша шешім жазбаша іс жүргізу мәніне сәйкес келетін қағидалар ескеріле отырып қабылданады және оған апелляциялық, кассациялық тәртіптермен

шағым жасалуы мүмкін.

- Яғни, жазбаша талқылаудың ерекшеліктері:
  - Жазбаша талқылауға тараптардың келісімі;
  - Әкімшілік іс ауызша сот отырысын өткізуді қажет етпейді;
  - Сот тараптар ұсынған және өз бастамасымен сұратқан дәлелдемелерін зерттейді, сол бойынша шешім қабылдайды;
  - Сот жеке процесстік әрекетті жасау немесе процесстік мәселені шешу үшін ауызша сот отырысын тағайындауы мүмкін;
  - Қажетті ауызша сот талқылауын өткізгеннен кейін жазбаша іс жүргізуді одан әрі жүзеге асыру жалғасады.

Жазбаша талқылаудың тиімділігі ретінде тараптардың уақыты мен қаржысын үнемдеуін айтуға болады, өйткені жазбаша іс жүргізуде әкімшілік іске қатысушылардың сотқа келуі, сот отырысына қатысуы қажет етілмейді.

**Г.МЕКЕМБАЙ,**  
Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

МҰРА

# ЖАН ДҮНИЕМІЗДІҢ АЙНАСЫ

**Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра.**

Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – ұлттық діліміздің көрінісі. Бұл ретте елдегі тіл саясаты мемлекеттік тілді дамытуға және республикада қолданылатын өзге де тілдерге жағдай жасауға бағытталған.

«Ана тілі – халық боп жасаған жан бері жан дүниеміздің айнасы,

өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі» – деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, елін, жерін сүйген әрбір азаматтың көкірегінде ана тіліне деген сүйіспеншілігінің мақтаныш сезімі болуы керек. Ал ұлттың болашағы – оның ана тілінде. Тіл – халықпен бірге өмір сүріп бірге дамитын әр ұлттың бақыты мен тірегі. Мемлекеттік тіл мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын болғандықтан, жүргізілетін барлық іс-қағаздарымен қужаттар мемлекеттік тілде болуы тиіс. Өйткені, өркеніетке құлаш ұратын елдің өрісі қашанда

білікті де саналы ұрпақпен кеңеймек. Әлемдегі мүйізі қарағайдай елдердің санатына енді көздеген халықтың басты мақсаты сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Кез келген тілдің болашағы – жастардың қолында екені рас. Бұл ретте балалардың тілді білмеуі, оны ұмытуы – ұлтқа төнген қауіп. Сондықтан ең әуелі әрбір отбасы өз шаңырағындағы тіл саясатын түзеуі шарт.

**З.АМАНКУЛОВА,**  
Маңғыстау облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

# ЖАРНАМА

ТАРАТУ

4. ТЕКЕЙ КЗ ЖШС. Бин 140340019346 (Жаңаөзен қ. индекс 130200), өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жаңаөзен қаласы А. Тілеген көшесі 139Д үй. Тел: 870114175470

3.«ЖКХремонт» ЖШС, БСН 130440013329, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай қаласы, әл-Фараби даңғылы, 119 үй, 316 «б» бөлмесі. Тел.: 87053059966.

10. «Золотой 585-Ломбард» ЖШС, БСН 150140019737, өзінің микроқаржылық ұйым ретіндегі қызметін тоқтататындығы туралы хабарлайды. Заңды мекенжайы:150000, Петропавл қ., Нұрсұлтан Назарбаев к-сі, 87/89 үй. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 150000,Петропавл қ., Абай көшесі, 61 үй.Тел.87152500027.

11. «Международная импортно-экспортная торговая компания «Хай Тянь» ЖШС, БСН 161040009780, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Мамыр-3, 9 үй, 24 пәтер. Тел.87756943518, 87773566689.

12.Ақтау қаласы әкімдігі Ақтау қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімінің «Ақбота» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, БСН 111240014468 (Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, №27 ықшамаудан, 11/1 ғимарат), қала әкімінің 08.02.22 ж. №02-02/182 қаулысының негізінде өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, Приморский кенті, Жемчужная көшесі, №50 ғимарат. Тел.: 87055555134.

16. 20.08.1940 ж. туылған азамат Дакенов Минбосынның 14.12.2021 жылы қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылған. Барлық мұрагерлерін, Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Т.Мадиходжаев көшесі, №15 ғимарат мекенжайында орналасқан нотариус Жолдасов Динмуханбет Алданиязовичке хабарласуын сұраймын.

17. «Birgemiz-Akmola» қоғамдық қоры (БСН 200340026184), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 89.

ӨРТУРА

5. Заңды мекенжайын өзгерту туралы «Kredit Seven Kazakhstan (Кредит Сeven Казахстан)» Микроқаржы ұйымы» ЖШС Осымен «Kredit Seven Kazakhstan (Кредит Сeven Казахстан) микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БСН 200340016315 (бұдан әрі – Серіктестік) орналасқан жері (заңды мекенжайы) өзгергені туралы хабарлайды. Серіктестіктің жаңа заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050020, Алматы қ., Медеу ауданы, Самал-1ықшам ауд, 28 үй.

6. Павлодар қалалық соты Павлодар қаласы, Кривенко көшесі, 81 үй, 228 пәтер мекенжайында тұратын Ахметова Гульсум Жумановнаның талап-арызы бойынша 10.11.1958 ж.т. Павлодар облысының тумасы Ахметов Салимжан Иманкуловичті хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы азаматтық іс қозғалды. Осы азаматтың жүрген жері туралы мәліметті білетін жандардың осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 3 ай мерзім ішінде Павлодар қаласы, генерал Дүйсенов көшесі, 80 мекенжайына хабарласулары сұралады. Тел.: 8(7182)660982, 87055843542.

7. «Торговая компания «Арктур» ЖШС, БСН 171140037365, өзінің «Турксиб» ЖШС-не, БСН 910240000026, қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 040800, Алматы облысы, Қапшағай қаласы, Сәкен Сейфуллин көшесі, 16 үй.

8. «Турксиб» ЖШС, БСН 910240000026, өзіне «Торговая компания «Арктур» ЖШС-нің, БСН 171140037365, қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 040800, Алматы облысы, Қапшағай қаласы, Сәкен Сейфуллин көшесі, 16 үй.

13. «КАТЭП» ЖШС өз қатысушыларына «КАТЭП» ЖШС қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілетінін хабарлайды. Жиналыс өткізілетін уақыты – 21 наурыз 2022 жылы, 11:00 сағатта. Жиналыс өткізілетін мекенжайы: Алматы қаласы, Ауэзов ауданы, Атамекен ықшам ауданы, Аманжол көшесі, №9 үйі. Ұсынылып отырған күн тәртібі: Тарату комиссиясын жаңа құрамына тағайындау».

14. Санур Плюс « ЖШС БСН 160740021544 өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 070500 ШҚО Глубокое ауданы Глубокое кенті, Театральная көшесі, 5 үй 4 пәтер тел.+77471320254.

15. «Асылым Али» АШ өндірістік кооперативі, БСН 210440003120, өзінің ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі ретіндегі қызметін тоқтататыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе облысы Шалқар ауданы, Бершүгір ауылдық округі, Бершүгір ауылы.Тел.:87718078785.

МҰРАГЕРЛІК

2. 21.08.2021 ж. қайтыс болған Бейсекова Кульсимханның артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ә.Б.Әкімханға келулеріңіз керек: Енбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Орынтаев к., 60/2, тел.ном.: 87773677972.

9. 28 тамыз 2021 жылы қайтыс болған Казанбай Жумағамбетовтың атына мұралық іс ашылды. Мұраны қабылдау үшін мұрагерлерге Атырау қаласы, Авангард 3 ықш. ауд. 75 үй, 5 кенседе орналасқан, нотариус А.А.Амандықова хабарласуларын сұраймыз.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru  
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetylsaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kalybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крушинская көшесі, 61, кеңсе 23.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрсисыңұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argawka\_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 8705847221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новосилова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Вьдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.



## ШАТТЫҚТЫҢ



## ҮҢГІРІ

Жалағаш қыстағынан түн ауа асығыс аттанған «УАЗ» шойын жолды жағалап Далдабай ауылына қарай тура тартатын ішкі жолмен жүйткіп келеді. Өспілтін тозығы жеткен, жау шапқандай ойдым-ойдым. Екпіндеп келген көлік кенет алдынан шыға келетін ойықтан кейде жалтарып үлгермейді, сол беті салдыр-гүлдір ұрып өтеді.

Көліктегі үшеу үнсіз. Жас сержант Рақым Маханбетов болмаса, анау екеуі талайды көрген тарландар. Бірі Жалағаш аудандық ішкі істер бөлімі бастығының жедел істер жөніндегі бірінші орынбасары, полиция подполковнигі Барысбек Ахметов. Екіншісі қылмысты іздестіру бөлімшесінің бастығы, полиция майоры Шайзат Жүнісов. Екеуі де биыл отыз жетіге кеп мүшел жастарын толтырып тұр.

Барысбек осы жақында Қармақшы полицейлерінен бір хабар естіген-тұғын. Есірткіге қатысы бар жосалылық бірер жігіт Жалағаш ауданына қарайтын Далдабай ауылы жаққа барғыштап жүрген көрінеді. Сол ауылдың учаскелік уәкілі Бектай Саламатовқа осы хабарды ескертіп қоюды Шайзатқа тапсырған. Шайзат Бектайға соны айтса, Бектай оның сөзін тірілте түсіпті. Оның айтуынша, ауылдан едәуір қашықта жатқан қашыртқының қамысын бір қармақшылық жігіт иеленіп жүр екен. Мылтығы бар дейді. Әйдік арықты бойлап өскен пішенді орып алмақ боп барған жергілікті тұрғындарды қару кезеніп, жолатпапты. «Соған қарағанда, есірткі егетіндер сияқты» деді Шайзат. Түн баласы тәтті ұйқыдан бас тартқызып жағдай осы.

## «ҚАМЫСТЫ» АҚҚАП

...Далдабайдың учаскелік уәкілі, полиция аға лейтенанты Бектай Саламатов жай киім киген бұларды жыңғылды далалыққа қарай бастады. Құмдауыт жол көліктің дөңгелек табанына жұмсақ тиіп келеді. Жаздың қысқа түні түгесілуге тауу болса да ай жап-жарық. Төңірек күміс сәулеле бөгіп тұр.

— Үш қашыртқы канал қатар жатыр. Бұрын су жүрген, қазір құрғақ, — деп Бектай жер жағдайын түсіндіріп келеді.

— Баратын жеріміз ортадағы канал. Арнаны бойлай өскен қамыс алыстан қарауытып көзге шалынғанда көлікті тежеді. Одан әрі жаяу бармаса, сезік тудырып алуы мүмкін. Алдарынан кесе көлденең жатқан қашыртқыдан өткенде Бектай екінші арнаның қамысы қалың өскен тұсын нұсқады. «Осы ара» деді. Расында екі-үш шақырымдай жердің қамысы айрықша, жал-жал болып, теңіздей толқып, ыргатылып тұр.

— Жататын жері қайда екен?  
— Не болса да көзге түспейтін тасаға тігеді ғой қосын, — деді Шайзат.

— Ауыл адамдарының сілтеуі осы тұс, — деді Бектай.

— Шайзат, онда сен ана жағынан бар, мен мына қапталдан барлаймын, — деді Барысбек сол қол жағын нұсқап. — Жатар орнын анықтау керек. Сендер осы арадан аңдындар.

Түйесоран мен жыңғыл аралас өскен ойпаңмен айналып барып, арнаның биік ернеуіне асылды. Арнаның өзі тым терең, қарауытып үрей шақырады. Кісі бойы қамысты жарып, алға жылжыды. Қамыстың патырлап сынған дыбысы таңғы ауамен алысқа тарайтындай. Тұра қалып тың тыңдады. Көк құрақтың суысы ғана құлағына жетіп тұр. Алға ұмсына бергенде, арна ішінен біреудің жүргені анық естілді. Ол да қамысты жарып келеді. Қай тұстан қозғалғанын қамыстың үпелек басы бұлғақтап, әйгілеп қояды. «Қабан боп жүрмесің» деп ойлады. Қолы ішіне тыққан пистолетіне барып қалыпты. Енді ол анық көрінді. Адам! Ийғына асынған мылтығы көзге анық шалынып, шошайып барады. Аңдып отырған бұны байқамай, жиырма шақты метр әріден дамбаға көтерілді де, етекке сырғанақтап түсіп кетті.

Сактанбаса болмайтынын ұққан Барысбек мылтық асынған жұмбақ адам алыстап кеткен соң, жылыстап келген

ізімен кері қайтты. Бектай мен Рақым шок жыңғыл түбінен қозғалмапты. Мылтық ұстаған адамды екеуі де байқапты.

— Анау ағараңдап тұрғанды көрдіңіз бе? Жиденің түп жағын қараңыз, — деді Бектай. — Сол жерге сіңіп кетті. Жеркепе ме, әйтеуір бірденесі бар.

— Бұлар пішен оратынға ұқсамайды, — деді Барысбек екеуіне кезек қарап, — Рақым, сен Шайзатты тауып ал. Бектай екеуіміз желке тұстан жақындаймыз. Ол енді ұйықтауы тиіс.

Бектай Барысбектің соңына ілесті. Екеуі тура тартпай, орағытып сол жақ жағалаумен тап барғанда, жұмбақ жанның дамбаңы бүйірлеп ойып жасаған үңгірі анық көрінді. Үңгірейген аузын әйдік жиде ағашы жауып тұр. Төбесін қамыспен жапқан.

— Осы арадан қозғалма, мен жақын барып байқайын, — деді Барысбек сыбырлап.

Төрт тағандап дамбаңның басына өрмелеп шықты да, кеудесін көтермей, еңкейген қалпы үңгірге қарай бүкілдеп жүгіре жөнелді. Апаньның төбесін жапқан қамысты алыстан көріп келе жатыр. Күннің алғашқы қызғылт шапағы шашырап, дүниеге жарық сәулесін жая бастаған. Осы сәт үңгірдің алдынан біреудің жүгірген аяқ дыбысы естілгендей болғаны. Сол-ақ екен, іштен гүрс етіп мылтық атылды. Жүгіріп өткен Шайзат екен, ол тауу өскен жидені қалқалап жата қалды. Енді кідіруге болмайтынын ұққан Барысбек үңгірдің төбесін жапқан қамысты жара-мара іштегі адамның үстіне бір-ақ секірсін. Мылтығын кезеніп, тысқа қарап жүрелеп отырған оның үстіне ұмыр-жұмыр құлады. Бак еткен дауысы естілді. Мылтығы қолынан ұшып түсіпті. Барысбек оны есін жидырмай сыртқа дырылдатып сүйреп алып шықты. Пәле тас төбеден келетінін аңдамаған ол, тіпті қарсыласа да алмай, екі көзі алақтап, тыпырлап жатыр. Жиде түбінен атылып шыққан Шайзат оның желкесіне қона кетті. Жас жігіт екен, қалжасы да шама-алы сияқты. Бұтындағы шалбары мен үстіндегі күртесінің тозығы жеткен. Өні жүдеу. Сакал-мұрты селдіреп өскен. Шайзат оның алқымынан алып: «Адам атқанды көрсетем мен саған!» деп, сілкіп-сілкіп қалды. Ал ол араша тілегендей Барысбекке қарағыштай береді.

— Қайтесің, қоя сал! — деп Барысбек Шайзатқа басу айтып, жас жігітке мойын бұрды. — Қасында біреу бар ма?

— Жалғыз өзім, — деді дауысы жалы-

нышты шығып. Жүзін көтергенде көзі жыпылықтап кетті. — Бәке, Барысбек аға, бұл сіз бе едіңіз?

Барысбек оған жалт қарап: — Мен де шырамытып едім. Жосалы-дансың ба? Атың кім? — деді.

— Шаттық. Шаттық Әкімтаев.

— Есіме түстің. Әкенді танитын едім. Марқұм жақсы азамат-тұғын. Сондай адамның атын былғап... мынау не жүрісің!

— Күн көріс... — деді ол өкінген дауыспен.

— Сені конопляға қатысы бар дейді ғой? Рас па?

Шаттық Барысбектің сұрағына жауап қата қоймады. Көзінде торығу бар. Сазарған қалпын бұзбай, шықшыты ойнақып, тістеніп тұр.

— Неге үндемейсің? — деп сөзге араласты Шайзат. — Жаңа көрдім, каналдың іші толған қарасора.

— Солай ма екен? — деп елең ете қалған Барысбек Шаттыққа шаншыла қарады. — Жүр көрсет!

Жайқалған  
қарасора

Шайзат жол бастады. Артынша Рақым қозғалды. Рақымның білегіндегі кісеннің екінші басы өзінің қолына түскендіктен оған Шаттық ілесуге мәжбүр. Сонында Барысбек пен Бектай. Қалың қамысты жарып, қашыртқы арнаның дамбаңына шыққанда көрді, арнаның ішкі қос ернеуі сыңсыған қарасора. Жайқалып тұр. Биіктігі адамның төсін қағардай. Бұлар тереңдігі үш-төрт метр болатын арнаның ішіне жайлап түсіп, табанына жетті. Дамбаңның ернеуін құлатып, қауын салғандай ұялап екен. Әр жерден кісі бойы құдық қазыпты. Соған өнген сумен суаратыны көрініп тұр.

— Жалғыз адам атқаратын іс емес мынау, — деді Барысбек Шаттыққа бұрылып. — Саған біреу ектіріп отыр ғой. Кім ол?

— Бір көріс. Атын білмеймін. Менің жұмысым суару.

— Азығыңды әкеп беріп тұра ма?

— Әкеп беріп тұрады.

— Біразын орып алыпсың ғой. Оны қайттің? — деді қашыртқы арықтан тысқа шыққан соң.

— Кәріс алып кеткен.

— Өзі келді ма?

— Иә, өзі.

— Қарасорашы көрістер тірлікті олай

жасамайды. Мынау олардың ісі емес, — деді Барысбек басын шайқап. — Сен сыбайласы ретінде кетіп тұрсың. Бірақ мен мүмкін болғанша көмектесем. Кәне, айт! Ектірген кім?

— Кәріс дедім ғой.

— Шындықты айтпай тұрсың, — деді де, ендігі сөзін күдіктіні жетекке алған Рақымға қарап айтты. — Мынаны қазір апар да қама абақтыға! Жақсылып ойландың. Ал өзің дереу кері қайт!

## Апандағы аңдау

Отыра-отыра аяғы талған соң, қамысты жапырып орын дайындап алды да жантайып жатып, дамбаңы жағалап өтетін қара жолға сояу түбінен көзін тікті. «Азығы таусылыпты. Қалай да біреуі келу керек, — деп ойлады. — Қаланың кәрісі дейді. Қаланың кәрісі із тастап, жылтындап жүрмейді, күзге дейін жететін қып азақ-түлікті бір-ақ әкеп тастайды. Бұқтырылған ет, балық деген сияқты консервіленген тамақтарды. Мынаның жатқан жерінде ондай белгі жоқ. Соған қарағанда жақын жердің адамдары.

Барысбектің ойы сан саққа шапты.

Күдікті жігітті Рақым алып кеткен соң, үшеуі үш жерде қамыстың арасында жасырынып, аңдауға көшті. Азық-түлік алып серіктерінің біреуі қалай да келуі тиіс. Бүгін болмаса ертең, ертең болмаса оның арғы күні. Ал енді сыбайласын ұстап әкеткенімізді біліп қойса ше? Ондай жағдайда олар бізді аңдиды. Аттап аяқ баспайды. Сондықтан егер бүгін кешке дейін шаң бермесе, Жосалыға барып, нашаға қатысы бар деген күдіктілердің әрекетін бақылаған жөн. Бұнда сержант пен аға лейтенантқа Шайзат бас болып қала тұрар деген ойға кетті Барысбек.

Енді бір сәт күдікті жігіт — Шаттық туралы ойлады.

Жасы жиырма бестерде. Ұрлықпен тұтылып, бірер жыл түрмеде отырған. Оны Қармақшының ішкі істер бөлімінде жедел уәкіл болып жүрген кезінен біледі. Әкеден де, шешеден де ерте айырылған, жетім бала. Наша егетіндерге осындай сүйеуі жоқ адам қолайлы. Әлдеқандай жағдай болса, құтыла салу оп-оңай. Бейшара бала, өзін кінәсізбін деп ойлай ма немене. Мынадай ірі көлемдегі қарасораның жазасы да ауыр ғой. Арнаның екі ернеуін жайқалтып тастапты. Бір шақырымнан асады-ау екен жері. Қазір мұндайлар көбейіп барады. Былтыр, тоқсан алтыншы жылы мұнай шығып жатқан Құмкөл жақта қарасора екендер тұтылғанды. Сонда көрді биіктігі үш метр боп өскенін. Түп-тура шырыша сияқты-ау.

Көзіне ұйқы тығылды. Қарны да

шұрылдап барады. Қамысқа ширатылған шырмауықтың собығын жұлып алып, аузына салып сорып көріп еді, қатып кетіпті. Жас собықтың сүті бетіне шығып тұрар еді.

Түс ауып барады. Желөкпе жел қамыс басын жұлқып тербеп тұр. Одан басқа қимыл-қозғалыс байқалмайды. Көлбеп жатқан дала тым-тырыс.

## Кісендеген екеу

Күн көкжиекке еңкейе бере мотоциклдің тырылдаған дыбысы естілді. Артынша өзі де көрінді. Жалғыз аяқ «ИЖ-планетаға» мінгескен екеу. Туралап тартып, үңгірдің аузына іркілді. Қираған төбесін қайта қалпына келтіріп қойғаны оңды болар ма! Олар сезіктенбестен үңгірге кіріп-кіріп кетісті. Барысбек орнынан ұшып тұрып, оң қанатта отырған Шайзатқа белгі берді де, өзі дамбаңдан төмен қарай бір-ақ секірді. Қарсы беттен Бектай мен күдіктіні Жалағашқа жеткізіп салып, кідірмей кері қайтқан Рақым жүгіріп келе жатыр. Үңгірге кірген екеу түк таппай тысқа қайта шыққанда, қарсы алдарында төрт адам тұрғанын көріп, сасып қалысты.

— Жігіттер, қалайсындар? — деді Барысбек жайбарақат.

Анау екеуі жауап қайтара алмай, кипактай берген.

— Мына пішенді орып алсақ па деп едік, — деді Шайзат иегімен қашыртқы жақты нұсқап. — Белгі салып қойғандар бар екен ғой.

— Пішен... — деді шашы қудай боп ағарып кеткен ересегі Шайзат нұсқаған жаққа қарағыштап. — А-а, пішен ба... Ора беріңдер. Шатағымыз жок.

Мотоциклге қарай ұмтылған оны Барысбек кідіртті:

— Сен ақбас Қайырбек емессің бе? — деді. Анау сонда ғана бұған жалт қарап: — Ау, өзімнің інім екенсің ғой. Бәсе, шырамытам! Барысбексің ғой, — деп екі қолын ұсына ұмтылды. Барысбек оның қолын ала бере әдіске салып, артқа қайырып қалды да, сарт еткізіп темір кісенді салып жіберді.

— Мені ұмытпапсың ғой!

Ақбас Қайырбектің көзі алақтап кетті.

— Қайдан ұмытасын... Қармақшының бәрі таниды сені. Ау Бәке, Барысбек, тоқташы. Мынауың не? Біз не істеп қойдық? Келісейік те. Бір ауылданбыз. Ағайынбыз.

Шайзат пен Бектай жанындағы жас жігітті де кісендеп үлгеріпті.

— Аман қанша. Жұмыс осылай, — деді Барысбек ақбас Қайырбектің білегіндегі кісенді сілкіп көріп. — Қазір РОВД-ға барамыз. Сонда сөйлесеміз,

## «Пешкалар»

— Далдабайға неге келдіңдер? — деді Барысбек аудандық ішкі істер бөліміне әкелген соң ақбас Қайырбекті алдына келтіріп.

— Бәке, келісе алмаймыз ба сонда? Өзінен үміттеніп едім.

— Келісу үшін бәрін айтып беруің керек ғой.

— Айтам ғой... құтқара гөрші. Аман шықсам...

— Қайреке, алты жас үлкендігің бар ағамсың, шынықты айтып. Кімге алып келдің азық-түлікті? Шаттыққа ма? Шаттық жататын жерінде жатыр. Канал басында ұсталған. Оған бола енді қам жемей-ақ қой. Каналдың ішіндегіні көрдік. Одан да өзінді кім жіберді, соны айт? Бәкім танып қалармын.

Ақбас Қайырбек дем жетпегендей өкпесін қағып, селкілдеп кетті.

— Танысың, — деді соның. — Бектібай, кәдімгі Бектібай ше? Менің кластасым. Екеуіміз де елу төртінші жылғымыз ғой.

— Сол ма басқарып, ектірген?

— Сол, — деді Қайырбек еңсесі түсіп. — Біз барып кел, шауып келдің адамымыз.

Нұрлыбек САМАТҰЛЫ  
(Жалғасы бар)

ЗАҢ  
газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы — директор  
**Жаннамет АҒЫБАЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**  
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:

«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»

ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

## МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан Айша Құрманғали

8 707 851 91 13.

Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев

8 701 357 66 84.

Ақтөбе облысы Жанса Ермағанбетова

8 705 398 62 83.

Маңғыстау облысы Жазира Әбіл

8 702 514 54 44.

Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан

8 701 697 39 86.

Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов

8 707 721 19 59.

Шадияр Мекенбайұлы

87757335665

Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек

Рахманов

8 707 177 80 70.

## РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,

Х.Досмұхамедұлы көшесі

68 «б»-үй.

Қабылдау бөлмесі:

292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zankreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет —

сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.

Жеке таралым 8019 дана

Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №22 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31